

Өтеген ОРАЛБАЕВ:
Астана – мемлекеттің
төлқұжаты
3-бет



«BINOM»:
арманға апарар жол
5-бет



Эмилия ҚЫЗЫҚҚАН
ЭКСПОНАТ
6-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 6 ШІЛДЕ, 2023 ЖЫЛ №74 (23 250)

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz



Жаһан қауіпсіздігінің қалқаны

Рух. Бірлік. Жасампаздық. Елорда. Бұл – Тәуелсіздік ұғымының киелі төрт босағасы. Дәл осы төрт босағасы берік елдің Тәуелсіздігі де баянды болмақ. Рухымыз – берік, бірлігіміз – бекем, жасампаздығымыз – алты құрлықтың назарында. Ерке Есілдің жағасынан осыдан ширек ғасыр бұрын сән-салтанатымен бой көтерген Елордамыз Отанымыздың жүрегіне, елдігіміздің тірегіне айналды. Бүгін – еңселі Елордамыздың, айбарлы Астанамыздың туған күні! Жалпы, Астана сөзі көне парсы тілінен аударғанда «киелі орын», «босаға» деген мағынаны білдіреді екен. Ал, біздің Елордамыз Қазақстан үшін ғана емес, барша әлем елдері үшін киелі орынға айналғалы қашан...

саясаткерлер мен әлеуметтанушы ғалымдар. Иә, Жер-Ананың төсінде тіршілік демі сезілгені бері адам баласын тығырыққа тіреп, құндылықтарымызға қол сұққан қаншама дағдарыстың болғаны тарихтан белгілі. Біздің буын сол



Коллажы жасаған Марал Әбішев

Құрметті қарағандылықтар!

Биыл біз елордамыздың 25 жылдығын атап өтеміз. Осы жылдар ішінде Астана қарқынды дамып келе жатқан қалаға айналды. Оның құрылысына қарағандылықтар да қатысып, өз үлестерін қосты. Олардың еңбегінің арқасында бағалы сәулеттік шешімдер жүзеге асырылды. Бүгінде елордамызда бой көтерген көптеген сәулеттік нысандар еліміздің визиттік карточкасына айналды.

Біз сіздерді Астана күнімен шын жүректен құттықтай отырып, барлықтарыңызға зор денсаулық, амандық, елімізге бейбітшілік пен өркендеу тілейміз! Тәуелсіз еліміздің астанасы жасай берсін!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі
Нүркен ҚОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

Ерсін МУСАБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Астана – еліміздің бас қаласы һәм адамзат құндылықтарының қалқаны. Дауыңыз бар ма? Ал, біздің дәлеліміз бар!

Қазір әлем «жаңа дағдарыстар» дәуірінде ауыр тыныстап тұр. Кешегі Covid-19-дан кейін де адамзатқа бірігу тенденция-

сын емеурін еткен ереуілдер мен қарулы қақтығыстар жер планетасындағы тілі бар халыққа «қауіпсіздік» сөзін жиі қайталата бастады. Әсіресе, кейінгі жылдары ұйқымызды қашырып, күлкімізді сап тыйған жаһандық дағдарыстар мен саяси текетірестер қауіпсіздік мәселесін алдыңғы орынға шығарып отыр. Осы орайда, алты құр-

лықты мекендеген «алаң да, алаң, алаң жұрттың» ат басын тіреп, ақыл қосар, ақылдасар алаңы біздің Астана болып отырғаны әрбір қазақстандықтың мақтаншыл сезімін ұялататыны даусыз.

Адамзат тарихында әртүрлі сипаттағы (қаржылық дағдарыс, саяси дағдарыс, т.б.) дағдарыстар қайталанып отыратынын айтады

дағдарыстардың ең күрделісін басынан өткеріп отыр.

Әңгімені дағдарыстың пайда болу шарттарынан бастасақ, тым ұзаққа көсіліп кетерміз. Салдары туралы бірер сөз сабақтап, әлемді әбгітер еткен жаһандық дағдарыстың тамырын басып, түйінін тарқатқан Астанамыздың айыройына ойысалық...

➤ 4-бет

• БІР ӨЛЕҢ – БІР ӘЛЕМ

Астана

Дала да болған, қала да болған,
Ғұндардың ғазиз өлкесі,
Айналым сенен Ақала ордам,
Егемен елдің еңесі.

Қиял-ғажайып шәрбат қаласын,
Өркениеттің көшінде,
Адамзат көзін арбап барасың,
Арқаның апайтөсінде.

Даңқыңды әлі көпке асырарсың,
Тұла бойына сыр тұнған.
Шырмауық құсап көкке асығасың,
Күн түссе болды құлпырған.

Құстар да саған сұңқылдап келед,
Қоғалы көлге тамсанған.
Бораның сенің бұрқылдап сөйлеп,
Самалың сазды ән салған.

Бірғалған орман – қайың-қарағай,
Оқалы шапан жапқандай.
Сарыарқа салқар сайын далам-ай,
Алтыннан жүзік таққандай.

Сусылдап тәніп қаз қонады екен,
Сайраған бұлбұл айналаң.
Самсаған жұлдыз маз болар ма екен,
Өзін көргендей айнаған.

Ұлы даламның арда жүрегі,
Ғасырлар аунап жанған бақ.
Бабамның кеше арманы еді,
Балам жүр бүгін армандап.

Жағаға малып түннің етегін,
Сымбаты – сұлу мүсіннің.
Есіл дүние сырғып өтерін,
Есілге қарап түсіндім.

Қылықты қыз бен бөрікті бала,
Қауышып, сырлас інірде.
Аспан астында көрікті қала –
Астана болар түбінде!

Бағдат МҮБӘРАК,
ақын,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

• ТӨЛТҰҒЫР

Тарихи таңдау алғышарттары немесе үш дәуірдің резиденциясы

Алаштың Астанасын таңдауда ел басшылығы 32 алғышарт ұстанды. Ең негізгілері: әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, климат, ландшафт, сейсмикалық жағдайлар, даму перспективалары, адами ресурстар. Ол кездегі Ақмола барлық параметрлерге сай келген...

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл 1994 жылдың басы еді. Арнайы комиссия егемен мемлекеттің жаңа астанасының оңтайлы орналасар жерін айқындау

мақсатында республиканың бүкіл аумағына жан-жақты зерттеу жүргізу амалдарын бастайды. Біріншіден, елорданы орталыққа көшіру Қазақстанды геосаяси тұрғыдан нығайту қажеттілігіне тікелей байланысты болды. Астана еуропалық

және азиялық бірегей дәстүрлерді біріктіре отырып, Еуразия құрлығының орталығы екендігі қай жағынан алсақ та ұтымды. Қала оңтүстікке, шығысқа, солтүстікке және батысқа бірдей ашық. «Төрт тарабы – құбыла».



Көне Бозоқ

➤ 3-бет

• ТЕАТР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Қараөткелдегі қарашаңырақ

Астанаға барып, Бәйтеректің ұшар басына шығып, Әнұран тыңдаған соң маңайға көз тастасаңыз, заманауи озық үлгіде салынған іргелі ғимараттар көз тартады. Солардың арасында Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ Мемлекеттік академиялық музыкалық драма театры да бар. Шыңдығында, іргелі театрдың негізі елорда Ақмолаға көшпей тұрып, 1991 жылы 15 қараша қаланып, Қараөткел маңындағы жұрттың көз қуанышына айналған. Театр шымылдығының Г.Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» трагедиясымен ашылуы рухани орданың болашақта қазақ руханиятында өз орнын табатынын әу бастан-ақ белгілеп бергендей...



Қалекі театры

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Сәкен Сейфуллиннің 1917 жылдың сәуірінде қоғамдық-саяси және мәдени мақсат көздеген «Жас қазақ» ұйымы ашылып, жалынды жастар мен қайраткерлердің белсене араласуымен жұмыс қарқынды дамып, «Бақыт жолында» драмасы жазылыпты. Шығарма 1918 жылы 1 мамырда көрермен назарына ұсынылған. Нәтижесінде, 1919 жылы Ақмолада облыстық орыс-қазақ театры ашылды. Театр шымылдығын түргенімен, тұрақты сахнасы бол-

май, 1923 жылы «Халық үйі» деп аталған мәдени ошақтар шоғырланған ғимаратқа көшірілген. Кейін табиғи апат салдарынан театр да жұмысын тоқтатқан екен.

1943 жылы облыс басшылығының шешімімен орыс-қазақ театры қайта құрылды. Бұрынғы қыздар семинариясы болған ғимаратқа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, театр меншігіне өтеді. 1955 жылы театрға жазушы Максим Горький есімі беріліп, қазіргі ғимаратқа біржола орнығады.

Ал, 1989 жылы Целиноградтан қазақ театрын ашу туралы «Қазақ тілі» қоғамына хат жазылып, 1990

жылы 10 мамырда Целиноград қаласында «Тіл және мәдениет» атты облыстық қазақ қоғамы құрылады. Драма театрын ашу жолында түрлі кедергілерге қарамай, 1990 жылғы 28 шілдеде облыстық атқару комитетінің қазақ музыкалық драма театрын құру туралы шешіміне қол жеткізеді. Осылайша, 1991 жылдың 15 қарашасында театр ашылады.

Театрды ұйымдастырушы, көркемдік жетекшісі, әрі бас режиссері және алғашқы қойылымды сахналаған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жақып Омаров.

➤ 6-бет



• ЖОБА

«Өзім» өзге үшін жұмыс істейді

Қарағандыда ғана емес, Қазақстанда алғаш рет мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған бірегей жоба қолға алынды. Оның ерекшелігі қаржыландыру жауапкершілігін әдеттегідей ата-ана емес, мемлекет көтеретіндігінде. Мұнда бала күні бойы болып, тиісті көмегін алса, ата-ана жұмыс істеуге мүмкіндік алады. Әйтпесе, мүмкіндігі шектеулі.

лық мамандары бізбен бірге кінәлдi. Педагогтері өте жақсы. Мемлекеттен көмек көрсетілсе, септігі тиер еді, – дейді Ақбота Сентірбаева.

Мемлекет басшысының

секторды тарту арқылы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету пасы жақсарды. Себебі, әр бала үшін мемлекет қаражат беруге дайын. Ата-ана қызмет көрсететін ұйымды өздері таңдайды. Қазір ел

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Өзім» шағын үйінің жұмыс істегеніне 26 маусымда бір жыл болған екен. Енді пилоттық жобаға қатысып отырған орталыққа келетін әр бала жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесіне енеді. Яғни, қазір келіп жүрген 12 баланың күнделікті емдік шаралары, тасымалы мен тамағын Үкімет төлеп береді.

– Бұл – ата-аналарға үлкен қолдау, – дейді даму орталығының директоры Эльнара Смағұлова. – Біздің орталыққа қазір 12 бала келіп жүр. Сабақтар жеке және шағын топтарда өтеді. Балалармен логопед-дефектологтар, нейропсихолог, арт-терапевт және музыкалық терапевт жұмыс істейді. Олардың қозғалуына көмектесетін тьюторлар бар. Балалар сегіз сағат бойы осында. Үш рет тамақтанады. Үйлерінен алып кетіп, қайта апарып тастаймыз.

Эльнара – өзі де ерекше баланың анасы. Сондықтан, басқа ата-аналарды жақсы түсінетіндігін айтады.

– Бұл істі қызыма қарау үшін бастадым. Ерекше баламен отырғанда жұмыс істеу мүмкін емес. Сондықтан, осындай шағын ор-



талық ашып, басқа ата-аналарға көмектескім келді. Қазір алдағы негізгі мақсатым – орталықты кеңейту. Кезекте тұрған балалар бар. Қызым үшін өзім төлеймін, – дейді ол.

– Мұнда екі баламды әкелемін. Екеуінде де церебральды сал ауруы. Бұған дейін Қарағандының, Алматының басқа орталықтарында болдым. Бірақ, мұндағыдай нәтижеге жетпедім. Балалар қазір жаңа сөздерді айтып, әлеуметке не бастады. Бір сөзбен айтқанда, ашыла бастады. Бір кездері қаржылық жағдайға байланысты бара алмай қалғанымызда, орта-

тапсырмасына сөйкес әлеуметтік қызметтер жүйесін модернизациялау қолға алынған. Шараға арнайы келген ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Әлеуметтік қызметтер департаменті директорының орынбасары Гаухар Қалмақованың айтуынша, пилоттық жоба Қарағандыдан өзге жеті аймақта іске асады.

– Жоба не береді десек, әуелі мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-анасына жұмыс істеуге, екіншіден, арнаулы әлеуметтік қызметтерді отбасынан ажырамай, үйден алуға мүмкіндік береді. Бала отбасында қалады. Сондай-ақ, жеке

бойынша 182 үкіметтік емес ұйым арнайы әлеуметтік қызмет көрсетіп отыр, – деді Г.Қалмақована.

Гаухар Амангелдіқызының айтуынша, сыйымдылығы шағын үйлер ауылдық елді мекендерде де ашылмақ. Жоба аясында тірек-кимыл аппараты бұзылған және нейропсихиатриялық ауытқуы бар балалар қамтылмақ. Үкімет бір балаға 180 мың теңге төлемек. Айта кетсек, бүгінгі таңда облыста мүмкіндігі шектеулі 5 мыңға жуық бала бар.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• РЕСМИ

«Бір терезенің» мүмкіндігі молайды

1 шілдеден азаматтардың хал актілерін тіркеу (АХАТ) бөлімдерінің қызметі «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына» өтті. Ендігіде АХАТ құжаттары «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының» ресми мөрмен шыға бастайды.

мемлекеттік корпорацияда тіркелген алғашқы неке және туу туралы куәлікті табыстады.

– Отбасымызда төртінші сәбиіміз дүниесігін ашты. Аталған

өзгерістерді естуіміз бар. Куәлікті ресми табыстау үшін бізге қонырау шалып, арнайы шақырған еді. Қуана-қуана келдік. Ұлымыздың арқасында эфирге жиі шығатын шығармыз, – деді әзіл-қалжыңын араластырып Айтқазиевтер отбасы.

Ескерте кетейік, АХАТ бөлімдері мемлекеттік корпорация құрамына берілгенімен қызмет көрсету тәртібі – өзгеріссіз. Некені тіркеуге өтініштерді қабылдау, өңдеу, сондай-ақ, шешімдер қабылдау және нәтижелерді беру тіркеу органдарымен жүзеге асырылады.

Атаулы өзгеріс АХАТ аудандық және қалалық бөлімдерінің әдепкі қызметіне әсер етпейді. Тиісті бөлімдер әдеттегідей жұмыстарын атқарып, электрондық үкімет порталы арқылы онлайн өтініш беру мүмкіндігі сақталады.

АХАТ қызметтерін тек тіркеуші органның қызметкерлері көрсетеді. Мемлекеттік корпорацияның басқа қызметкерлері, оның ішінде, ХҚКО операторлары АХАТ ақпараттық жүйесіне қол жеткізе алмайды. Азаматтардың жеке өмірі және отбасылық құпиялары заңмен қорғалады.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Осылайша, азаматтардың барлық мемлекеттік қызметтерді бір жерден «бір терезе» қағида бойынша алу мақсатында барлық халыққа қызмет көрсету орталықтарын бірыңғай жүйеге біріктіру жұмыстары жүргізіліп жатыр, – деді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Қарағанды облысы филиалының баспасөз хатшысы Қуаныш Сейітханов.

Халыққа қызмет көрсету орталықтарында азаматтық хал актілерін тіркеуге байланысты мемлекеттік қызметтің барлық түрі көрсетілетін болады.

Осыған орай, «Азаматтарға ар-



налған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Қарағанды облысы

филиалының директоры Тілеубай Құсайынов жас жұбайлар мен ата-ана атанған азаматтарды құттықтап,

• ТІКЕЛЕЙ ЭФИР

Жер заңнамасында ерекшелік бар

Халқымыздың баға жетпес байлығы – жердің қадірін біліп, оны тиімді пайдалану, ауыл шаруашылығы саласында үздік, әлемдік технологияларды қолдану арқылы оның құнарын арттыра отырып, сапалы өнім алу – маңызды. Бос, пайдаланылмай жатқан жерге күтім жасайтын, құнарсыздануына жол бермейтін меншік иесі керек. Жалпы, жер алу мен оған иелік етудің де өз міндеттері бар.

Сағыншы ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Иесіз жатқан жер екен деп кез келген адам иемдене алмайды. Арнайы заң шеңберінде, құжаттама негізінде, конкурстық талаптардан өте отырып, бос жерлерді иелікке алуға, қолға жаратуға әбден болады. Оның ішінде, ауылшаруашылық жерлерді пайдалану басты назарда. Жалпы, жер учаскелеріне иелік етудің құқықтық ерекшеліктері туралы облыстың жер қатынастары басқармасының басшысы Дарын Бұлқайыр Instagram желісіндегі тікелей эфирде егжей-тегжейлі баындап берді.

– Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес, жер учаскелерінің кейбір жер санаттары бойынша құқық беру ерекшеліктеріне баға назар аударуымыз қажет. Оның ішінде, маңыздысы – ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін табыстау ерекшеліктері. Қазіргі уақытта

бос жер учаскелерін қараудың ашық көзі – АИС ГЗК базасы. Базада рәсімделген жер учаскелері көрсетіледі. Онда сызылмағаны бос жер учаскелері болып табылады. Алайда, бұл жер учаскелері халықтың мал жаюы үшін шалғай жайылымдар, арнайы пайдалану режиміндегі нысандардың күзет және санитарлық аймақтары, резервтелген жерлер болуы мүмкін. Осыған байланысты толық ақпаратты жергілікті жер қатынастары бөлімдерінен алу қажет. Жеке немесе заңды тұлғалар Жер кодексінің 43-бабына сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер пайдалану құқығын беру жөнінде өтініш бере алады. Әрі бұл процесс аукцион және конкурстық негізде тоқсан күннің ішінде жүзеге асады, – дейді басқарма басшысы.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері Жер кодексінің 43-1-бабы, сондай-ақ, шаруа қожалығына ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша жер пайдалану құқығымен жүзеге асады. Бұл құқық конкурстық ұйымдас-

тыру және өткізу қағидаларына сәйкес беріледі. Конкурс туралы хабарлама жергілікті баспасөз беттерінде және жер ресурстарын басқару комитетінің интернет ресурстарында жарияланады. Конкурса қатысу үшін өтінім және ұсыныс нөмірленген, тігілген түрде жабық конвертке салынады. Конкурс жеңімпазы атқаратын жұмысына сай балл ұпайымен анықталады. Бір ерекшелігі – сол аймақта 5 жыл тұрған адамға қосымша 10 балл беріледі. Егер конкурстық ұсыныста балл тең болса, жеңімпаз комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруімен анықталады.

– Сонымен қатар, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер пайдалану құқығын иеліктен шығару мүмкіндігі туралы түзету күшіне енді. Бұл ретте осы жер учаскелеріне жалдау құқығын сатып алудың қажеті жоқ. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде жер пайдалану құқығын иеліктен шығару, егер Қазақстан Республикасының Жер



кодексінде өзгеше белгіленбесе, жер пайдалану құқығы берілген сәттен бастап бес жылдық жалдау мерзімі өткен соң азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде жүзеге асырылады. Яғни, кемінде 5 жыл пайдаланылған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесінің жер пайдалану құқығын азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде екінші жер пайдаланушыға сату мүмкіндігі бар, – дейді басқарма басшысы Дарын Бұлқайыр.

Өнеркәсіп, көлік, қорғаныс және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлерді берудің де өз ерекшеліктері бар. Өндіру, бірлескен барлау және өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу

мақсатында жер учаскелері облыстың жергілікті атқарушы органының шешімі негізінде беріледі.

Қатты пайдалы қазбаларды өндіруге лицензиялар – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге лицензиялар мен рұқсаттарды – Қарағанды облысының өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасы береді. Бұл мақсатта конкурс, аукцион ұйымдастырылмайды. Мемлекеттік меншіктегі жер учаскесі болғандықтан жұмыс процесі «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына» сәйкес жүзеге асырылады.

• ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

Халық қалаулылары – ел ішінде

Балқаш қаласына жұмыс сапарымен Мәжіліс депутаттары, АМАНАТ партиясы фракциясының мүшелері, Экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі комитеттің хатшысы, партияның Республикалық экологиялық кеңесінің төрағасы Бауыржан Смағұлов пен Экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі комитеттің мүшесі Арман Қалықов келді.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Мәжіліс депутаттары алдымен, Балқаш қаласының экологиясына байланысты мәселені көтерді. Балқаш – елдегі іргелі түсті металлургия ошағының бірі. Кен өндіруден басталатын, шапшаңдық шығарумен аяқталатын өндірістік үдеріс қалыптасқан. Қуатты кеніш, байыту фабрикасы мен мыс қорыту зауытынан басқа қала тамырына қан жүгірткен ондаған кәсіпорын бар. Соның бәрі белгілі бір дәрежеде қоршаған ортаға әсер ететінін халық қалаулылары алға тартты.

– Экологиялық проблемалар әр адамның мүддесіне тікелей қатысты. Еліміздің жеткілікті дамыған өндірістік-экономикалық әлеуеті, аса бай минералды-шикізат қоры бар. Соған қарамастан қазір экологиялық проблемалар өзекті күйінде қалып отыр. Атап айтқанда, Арал, Балқаш және Семей ядролық және әскери полигондары, Каспий маңы аймағының проблемалары, елді мекендердегі ауаның, жер қыртысы мен судың жоғары дәрежеде ластануы көпшілікке әсер етері анық. Осы және табиғи қорлардың бірте-бірте азаюы, тағы басқа жағдайлар экономиканы дамыту және әлеуметтік мәселелерді шешуге айтарлықтай кедергі жасайды, – деді Арман Қалықов.

Осынау өзекті мәселеге байланысты депутаттармен бірге Экология және табиғи ресурстар, Энергетика, Төтенше жағдайлар министрліктерінің өкілдері Балқаш мыс балқыту зауытына барды. Өндіріс аумағында «Kazakhmys Smelting» ЖШС бас директоры Ж.Байғабелов қарсы алып, мыс зауытының, мыс электролизі мен күкірт қышқылы цехының өндірістік процесімен

таныстырды.

Бұлдан кейін ат басын тіреген келесі маңызды нысан – 1937 жылы салынған «Қазакмыс энергиясы» ЖШС Балқаш жылу электр орталығы. Депутаттар жылу орталығының қысқа қамданысын талқылады. Сондай-ақ, мәжілісмендер қазандық цехының қайта құру барысымен және электр энергиясын басқару жұмысымен танысты.

Сондай-ақ, Балқаш өңірінің проблемалық мәселелері қалалық әкімдікте талқыға салынып, «Балқашцветмет» өндірістік бірлестігінде, «Kazakhmys Smelting» ЖШС және Балқаш ЖЭО-да экология, энергетикалық және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері тыңдалды.

– Қаланың газдануына кәсіпорын жабдықтарының технологиялық тозуы әсер етеді. Осыған байланысты цехтардағы түтін газдарын ұстау және тазарту жүйелерін жаңарту және ауыстыру қажет. Мыс балқыту зауыты әзірлеп жатқан стратегиялық жоспарға сәйкес 2025 жылға қарай күкірт-қышқыл цехының шығарындыларын 50%-ға дейін төмендететін екінші тізбекті салу көзделіп отыр, – деді халық қалаулылары.


Кеңеске қатысушылар өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілікті қатаңдату туралы айтты. Депутаттар сондай-ақ, АМАНАТ партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі жол картасы шеңберінде «1 және 2-кезектегі қалалық жағалауды қайта құру» жобасының барысымен танысты.

Жұмыс сапары соңында азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

• ЭКСКЛЮЗИВ

Өтеген ОРАЛБАЕВ:

Астана – мемлекеттің төлқұжаты



Әрбір елдің астанасы – сол мемлекеттің төлқұжаты. Биыл Қазақстанның астанасы – Астана қаласы атанғанына – 25 жыл. Осы уақыт аралығында бас қала саяси әлеуетін қалыптастырған, экономикалық, рухани-мәдени жағынан дамыған алып шаһарға айналды.

Өткенге көз жүгіртсек, астананы Қазақстанның оңтүстік-шығысынан орталыққа көшіру, яғни, Алматыдан Ақмолаға ауыстыру – ел тарихындағы елеулі өзгеріс-тің. Сол кездегі Жоғары Кеңестің депутаты, мемлекеттік қызметкер, белгілі ақын, танымал публицист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Өтеген Оралбаев – сол алғашқы көштің санаулы куәгерлерінің бірі. Мереке қарсаңында қайраткермен Ақмола қаласының астана атанған сәті туралы әңгімелескен едік.

– Астананы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру – елдің өткеннен болашаққа көшкенін білдіретін айтулы оқиға. Қазіргі Астана – ел астанасы болған тарихи сәт көз алдыңызда шығар? Оқырманмен ой бөліссеніз...

– Астананы Алматы қаласынан Ақмолаға көшіру туралы 1993



1994 жылы 6 шілдеде Жоғары Кеңесте астананы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру жөнінде ұсыныс айтылды. 1995 жылдың 15 қыркүйегінде Мемлекет басшысы елорданы Ақмолаға көшіру туралы Жарлыққа қол қойды

жылдың 2 жартысында айтыла бастады. Белгілі жазушы Оралхан Бөкей астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы мақаласын жариялады. Кейін бұл мәселені журналистер, баспасөз қызметкерлері, ғалымдар көтеріп әкетті. Мысалы, филология ғылымдарының докторы Тұрсынбек Көкішевтің астананы көшірудің қажеттілігі туралы мақаласы газет-журналдарға жариялана бастады. 1993 жылдың аяғында сол кездегі Жоғары Кеңестің депутаттары сайланды. Жанадан сайланған Қазақстан Жоғары Кеңесінің 13-шақырылым депутаттарының 1994 жылғы 19 сәуірде алғашқы отырысы болды. Осы кезеңнен Парламент қабырғасында астананы көшіру мәселесі қозғалды. Жоғары Кеңестің парламенттік корпусы тарихта бірінші рет кәсіби деңгейде тұрақты жұмыс жасайтын болды. Мен 1994 жылы Атырау облысы бойынша Жоғары Кеңестің депутаты болып сайланып, Жоғары Кеңестің мәдениет, баспасөз, бұқаралық апарат құралдары және саяси партиялар мен қозғалыстар жөніндегі комитеттің хатшысы қызметін атқардым. 1994 жылы 6 шілдеде Жоғары Кеңесте астананы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру жөнінде ұсыныс айтылды. 1995 жылдың 15 қыркүйегінде Мемлекет басшысы елорданы Ақмолаға көшіру туралы Жарлыққа қол қойды. Осы жылдың 28 қыркүйегінде Мемлекеттік мекемелерді көшіру жөніндегі комиссия құрылды.

– Астананы ауыстыруда таңдау неге Ақмолаға түсті? Басқа қандай ұсыныстар айтылды сол уақытта?

– Алғашқыда астанаға «лайық» деп 4 қала ұсынылды. Олар – Жезқазған, Көкшетау, Ақтөбе, Ақмола. Жезқазғанның табиғаты, орналасқан жері орталық Қазақстанда екені ескерілді. Бірақ, қалада болашақта су тапшылығы болуы мүмкін екені талқыланып, Жезқазған қаласы ол тізімнен алынып тасталды. Одан кейін Көкшетау қаралды. Оның айналасында КСРО кезінде ашық қалған уран кен орындары өте көп. Олардың бәрін жабу үшін орасан зор қаражат қажет еді. Соған байланысты тізімнен Көкшетау қаласы да алынды. Ақтөбе қаласының батысқа жақын орналасқаны, Қазақстанның орталығынан шалғай жатқаны ойға алынып, тізімнен сызылды. Сөйтіп, таңдауда Ақмола ғана қалды.

– Сол кезеңде билік басында

отырғандар астананы көшіру туралы идеяның нақты іске асатынына күманмен қарап, оны қиял дегені рас па?

– 1994 жылы 6 шілде күні Жоғары Кеңестің депутаттары бұл мәселені күрделі қабылдап, қызу пікірталас болды. Пікірталас бір күнге созылды. Күннің екінші жартысында сол кездегі Жоғары Кеңестің төрағасы, белгілі жазушы Әбіш Кекілбаев «дауысқа салайық» деп жұртты ымыраға

– Жалпы, әлемнің талай мемлекеті астана ауыстыру мәселесін бастан кешірген. Негізі астана қай мемлекеттің болсын, жан-жақты дамуы жағынан лейтмотив. Бұл жағынан алғанда «Астана қаласы өзінің стратегиялық, тактикалық, мемлекеттік мақсаттарын орындады» деп айта аламыз

шакырды. Дауыс берудің нәтижесінде көпшіліктің дауысымен Ақмола қаласы – Қазақстанның астанасы ретінде таңдалып, Жоғары Кеңестің Қаулысы қабылданды. Әрине, бұл шешімге қарсылық білдіргендер болды. Белгілі қоғам қайраткері, құрылысшы, инженер, өзі Ақмола қаласының тумасы Қуаныш Алпысбеков қысы қатты, жері батпақ, суы аз елді мекен астана болғанымен, күндердің күнінде проблема туындайтынын айтты. Ақмоланың астана болуына қарсы шықты. Бұл пікірді көптеген адамдар қолдады. Алайда, көпшілік дауыспен сол күні Ақмола қаласы – Қазақстанның жаңа астанасы деп шешім қабылданды.

– Ел астанасын ресми түрде көшіру қай жылы басталды? Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары мен Президент байрағын жаңа астанаға әкелу қалай жүзеге асты?

– Қаулы қабылданған соң, Ақмола қаласына көшіру туралы арнайы жұмыс жоспары жасалып, бірден іске кірісіп кетті. 1997 жылдың 6-7 қараша күндері алғашқы топ Ақмола қаласына аттанды. Сол топ көшеде күннің суықтығын кездесіп, өз ойын ортаға салды. Екінші топ 1997 жылдың 1 желтоқсанында барды. Мен ол кезде Президент әкімшілігінің ішкі саясат бөлімінде қызметте болдым. Бұл мәселеге ішкі саясат тікелей араласты. Халыққа түсіндіру, насихат жұмыстарының барлығы біздің бөліміміз жауапкершілігінде еді. Президент әкімшілігінің екінші тобы 1 желтоқсанда ұшақпен Ақ-

мола қаласына келді. Ол кезде аяз -43 градус екен. Бізді 5-шағынауданда жатақханаға орналастырды. Сол жерден қатынап, жұмысты атқаруға кірісіп кеттік. Жаңа жылдың қарсаңында Ақмолаға Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Көлік және коммуникация министрлігінің қызметкерлері алғашқылар болып келді. Астанаға көшу жалпыұлттық, жалпыхалықтық мәселеге айналып кетті. Сөйтіп, 1997 жылдың желтоқсанында негізгі топтар, жауапты қызметкерлердің бәрі көшірілді. Содан кейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары әкелінді. Елтанба, Әнуран, Ту, Президент нышандары Ақмолаға жетті. Сол күннен бастап, ресми түрде «Қазақстан Республикасының жаңа астанасы – Ақмола қаласы» деп

бекітілді. Осылайша, Арқа өңірінде, сайын Сарыарқада жаңа қаланы салу жұмыстары басталды.

– Бас қаламызды Қазақстанның оңтүстік-шығысынан орталыққа көшіруде не басты назарға алынды?

– Астананы көшіру туралы Жоғары Кеңеске 32 түрлі себеп-салдар айтылған-ды. Солардың ішінде ең негізгілері – Ақмоланың Қазақстан орталығында, тоғыз жолдың торабында орналасқандығы, сондай-ақ, ұшақ, теміржолы, көлік жолымен толық қамтылғаны айтылды. Сонымен қатар, бұл шешімді қабылдауда стратегиялық жағынан көршілес

Бүгінде Астана халқының саны артты. Елдің даму тарихында жастардың қызмет бабына орай және жұртшылықтың көшіп келуімен Астана қаласының халқы 1 миллионнан асты. 2030 жылы қала халқының саны 2 миллионға жетеді деп болжанып отыр. Шындығында, Астана бүкіл Қазақстанның даму тенденциясын көрсетеді

Ресеймен әріптестік қарым-қатынасы ескерілді. Халқымыздың тарихи санасын жаңғыртуда, рухани-мәдени деңгейін көтеруде зор мақсатты көздеді. Мәселен, солтүстік облыстарда орыс тілінің санында өсіп келеді. Тіл, дін, діл мәселесі күн тәртібінде тұрды. Оны жасырып қажеті жоқ. Осы тұрғыдан келгенде ұлтмыздың негізгі тарихи дәстүрін, салт-санасын сақтау мақсатында да астана Ақмолаға көшті.

– 25 жыл ішінде Елорда қалай өзгерді? Астана өзінің саяси

мәдениетін қалыптастырды ма? – Жалпы, әлемнің талай мемлекеті астана ауыстыру мәселесін бастан кешірген. Ресей Федерациясының астанасы бір кездері Санкт-Петербург Мәскеуге көшірілді. Жапонияның астанасы Киота қаласы кейін Токиоға ауысты. Мұндай көшті талай мемлекет өткерді. Негізі астана қай мемлекеттің болсын, жан-жақты дамуы жағынан лейтмотив. Бұл жағынан алғанда «Астана қаласы өзінің стратегиялық, тактикалық, мемлекеттік мақсаттарын орындады» деп айта аламыз.

Астана салынып, қала тұрмысы, ғимараты, көшелері – барлығы жақсара бастағанда бірте-бірте әлемдік өркениеттегі елдердің назары ауды. Қазақстанды әлемге таныту мақсатында Президенттің бастамасымен сан түрлі форумдар, халықаралық конференциялар, симпозиумдар, құрылтайлар өткізіліп, әлемнің әр түпкірінен, әр мемлекетінен келгендер, жаңа қаламен танысты. Қазақстан Республикасының жаңа астанасын мойындай бастады. Осылайша, Астана қаласы еліміздің экономикасының, рухани, мәдени жағынан жаңаша белеске көтерілуіне, жаңаша дамуына, өркендеуіне негіз қалады. Астананың архитектура-сы әлемдегі экономикасы жоғары деңгейде дамыған Біріккен Араб Әмірліктері, Сингапур, Еуропа-ның жаңа қалаларынан кем түскен жоқ. Ғимараттарының көркемділігі мен келбеті жөнінен Астана өзін әлемдік деңгейде таныта бастады.

Бүгінде Астана халқының саны артты. Елдің даму тарихында жастардың қызмет бабына орай және жұртшылықтың көшіп келуімен Астана қаласының халқы 1 миллионнан асты. 2030 жылы қала халқының саны 2 миллионға жетеді деп болжанып отыр. Шындығында, Астана бүкіл Қазақстанның даму тенденциясын көрсетеді.

Дегенмен, астананы Ақмолаға көшіруде қаланы сумен қамту проблемасы туындауы мүмкін деген күдік те айтылған. Қазір су мәселесі Астана халқын алаңдатады. Мемлекеттік деңгейде оңтайлы шешу жолдары қарастырылып жатыр. Алдағы уақытта әлемдік тәжірибелерге сүйеніп, шешімі табылады деген сенімдеміз.

– Астананы көшіруді және осы деңгейге жеткізуді тарих болашақта қалай бағалайды деп ойлайсыз?

– Астананы көшіру – мемлекеттің, халықтың уақыт алдындағы тарихи миссиясы. Астананы Арқа төсіне көшіру халқымыздың өміріндегі келер күнге бағыт алған тарихи оқиға. Осы жағынан келгенде елдің әлеуетін, экономикалық дамуын, саяси қауіпсіздігін, территориялық тұтастығын сақтауда сол кездегі Мемлекет басшысы еңбегін жоққа шығаруға болмайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бір сөзінде «Н.Назарбаевтың елге сіңірген еңбегін жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан, тарихи тұлғаның еңбегіне құрметпен қараймыз» деді.

Қиын уақытта астананы көшіру үлкен саяси шешімді, тәуекелділікті, батылдықты қажет етті. Тарихтың, уақыттың алдында елеулі еңбегін ескеруіміз керек.

Астана – елдің келбеті, мемлекеттің төлқұжаты. Сондықтан, ел болып қалыптасудың алғашқы ретінде жасалған мұндай қадам сөзсіз тарихта қалады.

Сұхбаттасқан
Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тарихи таңдау алғышарттары

немесе үш дәуірдің резиденциясы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алайда, сайын даладан соққан аңызға бастабында мұнда келген жергілікті және шетел өкілдерінен құрылған делегацияны онша марқайта қоймады. «Ағаш өсе қоймайтын батпақты жерді бұлар қалай астанаға айналдырмақ?» деген рәуіштегі қиғаш көзқарастар ел құлағына тарап та үлгерген. Зерттеу нысанынан қайырылмаған мамандар «Бұл арада бұрын қандай қоныс болған?» деген са-

гісі келгенін тарих ұмытпайды.

Бүгінде Елорда айналасын қоршай бой көтерген жасыл белдеу қаланың таза ауамен тыныстауына мүмкіндік беретін «өкпесінен» айналды. Бастапқыда «жасыл белдеу» құру идеясы қаланы желден қорғауды және қолайлы экологиялық орта жасауды мақсат етті. Қазір астана тұрғындары мен қонақтары «жасыл белдеу» аумағында емін-еркін серуендеп, демалыс күнін жақсы өткізетін орына айналдырды. «Жасыл белдеуде»



уалға жауап іздейді. Жердің қыртысын зерттей келе, байырдан қалған ирригациялық құрылыс белгілерін анықтайды. Мұнда аумағы 1000x300 метрді құрайтын суару жүйесімен жабдықталған диханшылық кәсіп аумағы табылды. Суару құрылымы негізгі арнадан, бірінші, екінші таратқыштардан және білікшелер жүйесінен тұрған. Мұндай суару жүйесі Есіл алқабының табиғи мүмкіндігін тиімді пайдаланып, көлдерді табиғи су қоймасы ретінде игеруімен құнды. Қоймалар көктемгі су тасқыны кезінде суға толады. Жазда, қажет болған жағдайда суды арналар арқылы егіндікке ағызып отырған. 1999 жылдан бастап тұрақты зерттеу жүргізіп келе жатқан Есіл стационарлық археологиялық экспедициясының жетекшісі Марал Хабдулина да сөзімізді растайды.

– Дешті-Қыпшақ дәуірінде бұл жерде егіншілік ісінің дамығаны

9 миллион 600 мыңнан астам ағашпен 1 миллион 800 мың бұта бар. «Жасыл белдеу» орманы сөзсіз, қаланың экологиялық жағдайына да әсер етіп, ауа сапасын жақсартуға көмектесті. Климат жұмса-руа түсті, қала жел мен шаңнан қорғалды. Сондай-ақ, «жасыл белдеу» жел жылдамдығын біршама төмендетуге көмектеседі және қыста ақтүтек бораннан қорғайды. Жергілікті «Жасыл аймақ» өкілдерінің айтуынша, орманды дала және дала аймақтарына төзімді ағаштар мен бұталардың түрі ұсынылған. Ал, ағаштар мен бұталардың 104 түрі сыналып, 28 тұқым өндіріске жіберілген. «Жасыл белдеуде» негізінен аймақтың климаттық жағдайларына бейімделген ағаштар өседі. Яғни, елдің солтүстігінде өсетін ағаштар басым: кәдімгі қарағай, венгр бөртегүлі, жашырақты үйеңкі, қайыңның бірнеше түрі және теректер бар. Аумақта 1973 жыл-



айқын. Өйткені, – стационарлық, өндірістік және ирригациялық құрылыстардың қалдықтары, тұрмыстық заттар, қару-жарақ, әшекейлер, монеталар, тағы басқа жәдігерлер – соның айғағы. Бұған байырғы Елорданың батысы «Үркер» шағын ауданының солтүстік ірге қапталында Бозоқ қалашығының табыны айқын дәлел. Зерттеушілер пайымы бойынша, X ғасырда бұл жерге қыпшақ тайпалары өз қағандары үшін резиденция тұрғызған.

Өйткені, бұл мекен геостратегиялық тұрғыдан Сарыарканың кіндігі – солтүстік Сібір бассейні: Есіл, Сілеті, Шідерті, Нұра, Сарысу өзендері тармағында орналасқан.

Кейінірек бұл алқапқа Н.Хрущев целина жоспарын жамалып, Кенес Одағының тағы бір аграрлы астанасы – «Хрущевград» қаласын тұрғызбақ ниетте табан тіре-

дарды егілген ағаштарды көруге болады. 2010 жылы отырғызылған ағаштар биыл 6-7 метрге жетті.

– Жыл сайын бес мың гектар жерге көшет отырғызылады. Ал, қыс басталысымен қылқан жапырақты жас ағаштарды қорғау жұмыстары басталады. Сондай-ақ, браконьерлікке қарсы жұмыстар да жүргізіледі. Ағаш кесу жөнінде қылмыстық бап қарастырылған және адамдар заңға бағынады. Бірақ, өзінен кейін қокыс тастайтын қонақтар да бар, – дейді «Жасыл аймақ» кәсіпорнының орман қорын қорғау және күзету секторының меңгерушісі Жанайдар Теміров.

Елорда іргесінде «екінші Бұрабайдың» бой көтеруге Астана айналасындағы «жасыл белдеу» Шортанды-Бұрабай аймағының орманына ұласып, біртұтас орманды алапқа айналатынына сенім кәміл.




(Соңы. Басы 1-бетте)

Дағдарыс салқыны. Ол не? Бүкіл адамзатқа ортақ игіліктің де дағдарысқа себеп, толқуға негіз болатынын көріп отырмыз. Мәселен, мемлекеттер арасындағы еркін сауда айналымы, жаһандық инвестиция, инновациялық бәсекелестік дегендеріңіздің өзі жіктелуге алып келіп, геосаяси ахуалды күрделендіре бастайды екен. Даудың соңы, державалар арасындағы қақтығыстың түйіні «санкция» деген салқын үрдіске алып келіп жатыр. Санкцияның салқыны саяси һәм экономикалық дағдарыстың дақпыртын күшейтуде.

Күні кеше ғана, 8-9 маусымда Елорда төрінде жаһандық сын-қатерлерді таразылаған Астана Халықаралық форумы Қазақстан бас қаласының әлемдік деңгейдегі ашық диалог алаңына айналғанын тағы бір мәрте дәлелдеді. Форумның пленарлық отырысында сөз сөйлеген Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев:

– Астана халықаралық форумы – бұл диалог алаңы. Оның негізгі миссиясы мынадай: бірінші, әлемдегі жағдайды ашық талқылау; екінші, алдымызда тұрған негізгі сын-қатерлер мен дағдарысты айқындау; үшінші, осы сын-қатерлерге өзара ынтымақтастық рухында диалог арқылы қарсы тұру; төртінші, көпжақты қатына-



● ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

«Мерейлі отбасылар» марапаты

Қазақстан Астанасының ширек ғасырлық мерейтойы алдындағы 4 шілде күні Саран қаласының Достық үйінде осы елді мекенде тұратын «Мерейлі отбасы» марапатталды.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



– Бұл жолы Елордамыздың 25 және ұлттық «Мерейлі отбасы» байқауының 10 жылдық мерейтойлары қатар келді. Оған осы байқауға қатысуға өтініш беріп, қалалық комиссияның іріктеуінен өтіп, жеңімпаз атанған отбасылардың мүшелері тегіс шақырылды, – дейді Саран қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Галия Төртбаева.

Марапаттау рәсімінің шымылдығын жергілікті өнерпаз Николай Посохов қазақтың халық әні «Бір баланың саксофонда ойнап ашып, балабақша бүлдіршіндері «Менің Қазақстаным» деген би-хореографиялық композициясын ұсынса, Әсел Серікбекқызы әннен шашу шашты.

Бұдан кейін кеш тізгінін «Мерейлі отбасы – 2018» қалалық байқауының жеңімпаздары Гүлзият Ханафина мен оның ұлы Жексембай Нұрахмет қолдарына алып, түрлі аталымдар бойынша жеңіске жеткен 9 отбасыны кезек-кезек сахна төріне шақырумен бойды. Бұлардың арасында Байқамамов, Горбунов, Дөңдібаев, Исабаев, Мұхамедкәрім, Панзин, Пехтерев,

Жаһан қауіпсіздігінің қалқаны



стардың ортақ мәдениетін жанарту және қалпына келтіру; бесінші, бейбітшілікті, прогресс пен ынтымақты жақтайтын дауыстарды күшейту, – деген еді. Осылайша, біздің Астана төрткүл дүние алдында төрелік айтып, бітімгерлік миссиясын абыроймен жалғастырды. Иә, біздің Астана жұмыр жерде сәні мен салтанаты жарасқан арман қала болумен қатар, төрелігіне жүгінген елдің жүгін жеңілдетер жаһандық құндылықтардың қалқанына айналды.

Биылғы форум Астана төрелік айтқан бірінші жиын емес. 2007-2008 жылдардағы әлемдік қаржы дағдарысы кезінде де әлем алпауыттарының ақылмандары Астанаға жиналып, Еуропаны есеңгіретіп, Азияны абырбатып тастаған дағдарыс дауылына тосқауыл болар тобықтай түйінді Есілдің жағасында айтқанды. Одан кейін 2010 жылы ЕҚЫҰ сынды халықаралық беделді ұйымның төрағалық тізгінін ұстап, сол жылы Астана төрінде 56 мемлекеттің өкілдері бас қосқан сам-

мит салтанат құрғаны жадымызда мәңгі жаңғырар оқиға болған. Бір емес, бірнеше рет Әлемдік және достүрлі діндер көшбасшыларының құрылтайын өткіздік. Осыдан кейін төрткіл әлемнің төбе биіне айналып, алты құрлықты аузына қаратқан Астанамызды құлтөбеге балай аламыз ба? Жоқ, әрине. Қазақстан Астанасы – құлтөбе емес, жаһандағы экономикалық ахуалдың күретамыры, адамзат құндылықтарының қалқаны! Мұндай тарихи жауапкершілікті бірігіп мызғимаған, рухы асқақ, қилы-қилы кезеңдерден сүрінбей өтіп, «мың өліп, мың тірілген» қазақ сынды қайсар елдің бағаналы орда, басты ордасы ғана абыроймен атқара алады. Біз – осындай жасампаз елдің азаматымыз!

Келешегі – кемел, ертеңі – нұрлы Қазақстан мемлекетінің әлемдік аренадағы абыройы да, ары, беделі де, бағы – Астана қаласы. Елорда – Еуразия жүрегі. Кәрі құрлықтың тамырына қан жүгірткен жүрегі мәңгілік соғуын тоқтатпаса екен! Ұлтымыздың

ұясы, Қазақстан секілді қыран елдің тұғыры болған айбынды Астана, еңселі Елордамыздың мәртебесі биіктеген сайын Тәуелсіздігіміз мәңгі жасайтыны хақ.

Астана туралы қызықты деректер

Астана – әлемдегі ең салқын қалалардың бірі. Канада астанасы Оттавадан да суық қала. Ол әлем бойынша Монголия астанасы Улан-Батордан кейінгі суық астана болып саналады.

«Хан Шатыр» ойын-сауық орталығы әлемдегі шатыр пішініндегі ең үлкен ғимарат ретінде Гиннес рекордтар кітабына енген. Ғимараттың биіктігі – 150 метр.

islam.kz сайтының мәліметі бойынша Құран Кәрім кітабының ежелгі көшірмесі Әзірет Сұлтан мешітінде сақтаулы. VIII ғасырдағы көне қолжазба Ресейде күмістен дайындалған.

Қазақстандағы ең үлкен ту Астана қаласында орналасқан. Көлемі – 15х30, 111 метр биіктікте тұр.

● ҒАЛАМ ҒАЖАЙЫБЫ

Орта Азияда баламасы жоқ

Бір мезетте 235 мың мүміннің құлшылығы

Жалпы, жамағат жиналып, Жаратқанға жалбарынар орынның таза әрі әдемі болуы шарт қой. Тіпті, намазға тұрардың өзінде таза, әдемі киініп, Жаратушының алдында иіс су сеуіп, таранып-қаранып бас иген. Нағыз иман мен сенім мұсылманды адастырған емес. Жер бетінде мұсылман құлшылық жасар мекен көп. Солардың ерекшесі де жоқ емес. Оның бірі – 2022 жылы Астанада бой көтерген бас мешіт. Ол – Орта Азиядағы ең үлкен мешіт. Саф сәулетімен әлемді аузына қаратқан төрткүл дүниедегі ондық мешіттің қатарынан ойып орын алды. Құдайға құлшылық қылғандар да, сырттан келген туристер де бұл күні тамсанады. Дүйім жұрт осынау орталық мешітке ат басып бұрмай кетпейді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мешіттің салтанатты ашылуы жұма күнімен тұспа-тұс келіп, бір мезгілде 2 мыңға жуық жамағат сәждеге бас қойған-ды. Бұл да еліміздің ең елеулі жаңалығына айналғаны мәлім.

Расы керек, мешіт қозы көш жерден көз тартады. Көкке ұмтылған күмбесінен бастап, аумағының абағтануы сол араға табаны тиген пенденің тәубесін еске түсірмей қоймайды. Құрылысы ғажап. Энергетикасы ерен. Көрген мүмін күнәдан тазарып, кінәдан арылғысы келгендей тылсым әсері бар.

Мешіт алған жер телімінің ауданы 10 гектарды құрайды. Ал, жалпы ауданы – 68 062 шаршы метр. Оның үлкен күмбесінің биіктігі – 83,2 метр, диаметрі – 62 метр. Мешіттің төрт бұрышында төрт мұнарасы бар. Мұнаралардың биіктігі 130 метрден.

Сонымен қатар, мешіттің жерасты қабатында 440 адамға арналған асханасы, 405 орынға арналған жабық автотұрақ, вестибюль, дәрет-хана, техникалық және діни қызмет көрсететін, құрбандық шалатын және басқа да керекті арнайы орындары бар.

Бірінші және екінші қабаттарда намаз оқитын орыннан бөлек, оқу сыныптары, мәжіліс залы, неке залы, Құран оқу залы, телестудия, кеңселер, қызметтік бөлмелер, дүкендер, музей және техникалық бөлмелер де қамтылған. Мешіттің жалпы сыйымдылығы – 235 мың адам.



Сондай-ақ, ғимараттың ашық алаңына шамамен 200 мың адам жайғаса алады. Әр залда бір мезгілде 30 мың ер адам мен 5 мың әйел намаз оқи алады.

Сондықтан да, елордаға жолы түскен мұсылман қауымы мынадай мешітке бас сұқпай кетпесе керек. Бұл әлемнің тоғызыншы кереметінің көрінісін көрмеу болар еді... Ардақты пайғамбарымыз (с.ғ.а) «Кімде-кім Алла үшін мешіт салса, Алла Тағала оған тура сондай етіп, жаннатта бір үй тұрғызды», – деген екен.

Мейірім мен шапағат һәм бейбітшілік жаршысына айналған ғибадатқа толы дініміз Исламның ең үлкен құндылықтарының бірі –

● ӨНЕГЕ БОЛҒАН БАС ҚАЛА

Екінің бірі, егіздің сыңары

Индонезия Қазақстанның үлгісі бойынша елордасын көшіреді. Бұл туралы Астана қаласында өткен егіз қалалар форумында аталған елдің елшісі Мохаммад Фаджрул Рахман мәлімдеді. Олар да бас қалаларын көшіруге Қазақстанның Астананы салуға жібергендей сома жұмсауды жоспарлап отыр.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Біз елорданың Алматыдан Астанаға қалай көшкенін білгіміз келеді және өзіміздің бас қаламызды Джакартадан Нусантараға көшіру кезінде осы тәжірибені қолданбақшымыз. Мемлекеттік аппаратты ауыстырудан бастап, инфрақұрылымды дұрыс дамыту және Астана сияқты заманауи қаланы басқаруға дейінгі тәжірибе біз үшін маңызды. Жаңа астанамыз – Нусантара «жасыл қала» деп аталады. Астанада да 100 мың гектар жасыл белдеу бар. Бізге шабыт бергені де осы, – дейді Мохаммад Фаджрул Рахман.

Ол Индонезия елордасын көшіру Қазақстанның бас қаласын

Алматыдан Астанаға көшіргенге ұқсас екенін де айтты.

– Біз астанамызды Индонезияның орталығына көшірсек дейміз. Бұл – Астананың Қазақстан орталығында орналасқаны тәрізді. Екіншіден, экономикалық даму географиясын кеңейту керек. Бұл, әлбетте, жұмыс орындарын ашуға ықпал етеді. Одан бөлек, зерттелмеген аумақтарды да дамыту мақсатымызда. Астанамыз Джакарта орналасқан Ява аралы жасыл желегімен аса ерекшеленбейді. Ал, енді бой көтеретін Нусантара орналасқан Калимантан аралы «жасыл қала» тұжырымдамасына сәйкес, – дейді елші.

Индонезия астанасын Джакартадан джунглидағы шағын елді мекен – Нусантараға көшіру үшін 34 млрд. доллар керек. Тиісінше, инвестиция қажет болады. Қазақстандық инвесторлар Нусантараға қызығушылық танытуда. Одан бөлек, қазақстандық құрылыс компаниялары да қаланы салуға қатысады.

– Біз қазір Астананың бас жоспарын зерттеп жатырмыз, қаланың орталық бөлігінің жоспарын білгіміз келеді. Астанада 2 миллионнан астам адам тұрады. Бұл бастапқы жоспарлаудан асып түседі. Қаламыздың алғашқы кірпіші 2024 жылы салынады. Жоба 20 жылға, атап айтқанда, 2045 жылға дейін, – дейді Индонезия астанасы басқармасының басшысы Бамбанг Сусантоно.

Болашақта Астана мен Нусантара егіз қалаларға айналады. Қазірдің өзінде, Қазақстан мен Индонезия арасындағы тауар айналымы шамамен 400 млн. АҚШ долларын құраса, бұл көрсеткіш 1 миллиардқа дейін ұлғаймақ.



мешіт. Мешіт сөзі «масжид» сөзінен шығып, «сәждеге бас қоятын орын» деген мағынаны білдіреді екен. Ал, шариғатымызда: «Аллаға иман кел-

ртқы зәулім көрінісі ғана емес, адам жүрегін рахатқа кенелтіп, жан-дүниесін тебірентер рухани жағы еске ерекше түсуі керек шығар.

● МЕДИЦИНА ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ

Ширек ғасырдағы шексіз мүмкіндік

Кластер ұғымы бір-бірімен мәндес бірнеше элементтің бірігуін білдіреді. Жаңа мыңжылдықтың басында Астанада да медицина кластері пайда болды. «Болашақ госпиталі» жоспары аясында медицинаның бірнеше бағытын қамтитын республикалық орталықтар ашылды. Өмірлерде емдеу мүмкін болмаған жағдайда бас қалаға жібереді. Дертіне шина іздегендер де шет ел аспайтын болды. Өзімізде емделуге мүмкіндік алды. Барғандар біледі, бас қаладағы басты орталықтар дәрігердің алаңсыз жұмысы үшін де, науқастың жағдайы үшін де жайлы.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ана мен бала – басты орында

«Ана мен бала» ұлттық ғылыми орталығы 2007 жылы ашылған. Жүктілігі ауыр әйелдер мен денсаулығында ақауы бар балаларға арналған. Жолдамамен, квота бойынша келген науқастарға барлық қызмет тегін көрсетіледі. Емдеу орны Орталық Азиядағы педиатрия, балалар хирургиясы, акушерия-гинекология, ерлер мен әйелдердің репродуктивтік денсаулығы бойынша жетекші ғылыми-танымдық және емдеу-диагностикалық институты болуды мақсат еткен. Орталықтың ТМД кеңістігіндегі халықаралық Joint Commission International аккредитациясына қол жеткізген алғашқы клиниканың бірі екендігін де атап өткен жөн.

Оңалтудағы озық әдістер

Ұлттық балаларды оңалту орталығы да 2007 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Елімізде алғаш рет осы орталық базасында психоневрологиялық және нейроортопедиялық патологияға шалдыққан балаларды оңалту жүйесі құрылды. Сондай-ақ, республикада бірінші болып, динамикалық проприоцептивті коррекция, нейрогенді дисфагия коррекциясы әдісі және басқа жаңа әдістер қолданылды. Еңбек терапевтері, ойын терапевтері, музыка терапевтері, Монтеessori-педагогтар деген мамандықтардың да тұңғыш рет осында ашылғанын ерекше атап өту керек. Мұнда жылына 4 мыңнан астам бала оңалту шараларынан өтеді. Осы уақыт ішінде қаншама баланың денсаулығын түзеуге мүмкіндік берді десеңізші?!

Мемлекет дамуының көрсеткіші

Ұлттық нейрохирургия орталығы осылай сипаттауға болады. Ашылған сәттен-ақ ол ел меди-



цинасындағы зор жетістік ретінде бағаланды. Соңғы заманауи технологиялармен жабдықталған орталықта бұрын-соңды болмаған медициналық қызмет көрсетіледі. Маусымда өткен орталықтың 15 жылдығына арналған Қазақстан нейрохирургтарының V Конгресінде сөз алған оның директоры Серік Ақшолоақов 2007 жылы 5516 операция жасалса, бүгінде оның саны 29 723-ке жеткенін мақтана айтты. Бұл, расымен де, мақтанарлық көрсеткіш.

«15 жыл ішінде Қазақстанда алғаш рет нейрохирургияның жаңа бағыттары енгізілді. Бұл микронейрохирургия, эндоваскулярлық нейрохирургияны қоса алғанда, тамырлы нейрохирургиялық патологияларды емдеу, омыртқа мен жұлынның зақымдануы кезіндегі реконструктивтік операциялар, функционалды нейрохирургия,

Қазіргі уақытта елорданың денсаулық сақтау саласында 11 мыңнан астам медицина қызметкері жұмыс істейді. Оның ішінде, 3,4 мыңнан астамы – дәрігер, 6 мыңнан астамы – орта медицина қызметкері, 2 мыңнан астамы – кіші медицина қызметкері.

ісіктер мен мидың басқа да патологиялары кезінде нейромодуляция мен нейронавигациялық жүйелерді қолдану сияқты жалпы алғанда 70 инновациялық технология енгізілді», – деді сол кезде еліміздің бас нейрохирургы.

Қатерлі ісік қапыда қалдырмасын деп...

Жыл сайын 35 мыңнан астам қазақстандық қатерлі ісікке шалдығады. Өкініштісі, дерт кеш анықталып

жатады. Бұл ретте Ұлттық ғылыми онкология орталығының ашылуы стратегиялық әрі әлеуметтік маңызды шешім болады. Ерте диагностика, әлемдік стандарттарға негізделген емнің арқасында онкология ауруларынан болатын өлім-жітімді азайту – орталықтың негізгі міндеттерінің бірі. Ғылыми, клиникалық және білім беру тәжірибесін біріктіретін емдеу мекемесі Орталық Азия елдері бойынша осы саладағы жетекші ғылыми орталыққа айналды. Ондағы озық деген технологиялар, сәулелік, лазерлік, протонды және ядролық медицина бөлімдері жұмыс істейді. Науқастар дертті анықтаудан бастап, жоғары технологиялық ем мен оңалту шараларын елден шықпай-ақ ала алады.

Кардиохирургия қадамы қарышты

Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы – медициналық қызмет көрсету мен сервистің сапасы мен деңгейі бойынша әлемдік стандарттарға сәйкес келетін, ғылыми-білім беру қызметінде отандық және халықаралық танымға ие, қуатты кадрлық әлеуеті бар, тиімді корпоративтік және бизнес бағдарланған басқаруы бар Орталық Азиядағы жетекші кардиохирургиялық орталық. Емдеу мекемесі жүрек-қантамыр аурулары бар пациенттердің

денсаулығын жақсартып отырып, халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығын арттыруға ықпал етуді өзінің миссиясы етіп алыпты. 2011 жылы ашылған орталық қызмет көрсету және сервистің сапасы мен деңгейі бойынша әлемдік стандарттарға сәйкес келеді. Кейінгі жылдары орталық денсаулық сақтау-дың үздік халықаралық моделі мен ғылыми тәжірибесін үйлестіретін кардиохирургиядағы ұлттық бренд ретінде дамып келеді.

● ЖАРАТЫЛЫС

Жаңа ғасыр талабынан жаралған

«Мінез – жанның айнасы», – деп бекер айтылма-сы керек. Өміріңде жарқын сәттердің көп болуы көркем мінезіңе байланысты. Мінезің көркем адамның өмірге деген көзқарасы да өзгеше болары анық. Ал, сіз дәл осы қасиеттерге Астана жұртының сай келетінін білгенсіз бе? Менің олай дейтінімнің де өз себебі бар. Өйткені, мұнда қылдырып, серуендеп, тамашалауға келген әр жанның көңілінде ерекше сақталып қалатын, әрқашан қол ұшын созып, көмек беруге дайын тұратын Астана халқының көркем де ашық мінезінің көрінісі бар.

Бүгінде Астана – асқақ қала. Жаңа ғасыр талабынан жаралған елордамыз тәуелсіздіктің көркеюінің нышаны, болашақтың бас қаласы. Қазіргі таңда қаламызда 1,5 миллиондай, тіпті, одан да көп тұрғын бар.

Астана – арнасынан асып-тасып аққан зен секілді. Өйткені, қалаға келушілер қатары күннен-күнге артып келеді. Бұл қалада Қазақстанның әр аймағынан тағдырлар тоғысқан. Кейбір деректерге сүйенсек, қалаға келіп, қоныстаушылардың 5 пайызы – шетелдіктер болса, қалған 95 пайызы – өз отандастарымыз екен.

Мен сіздерге ел жүрегінде «Ару қала», «Әсем қала», «Бас қала» болып жатталған Астана халқының ешкім біле бермейтін әсем де көркем мінезі жайлы айтпақпын.

Жалпы, мінез – адамзатқа тән қасиеттердің бірі. Ол адам баласының ішкі жан дүниесінің сыртқы көрінісі десек те, болады. Біз әдетте адам мінезіне қарап, «жақсы», «жаман» деп бөліп жатамыз. Қарапайымдылық, адамгершілік, адалдық, өзгелерге жақсылық жасау, қиындыққа сабырлық таныту сияқты жақсы қасиеттердің бәрін көркем мінезге сыйдырамыз.

Мінезі көркем жандарды кейде жүздерінен-ақ аңғаруға болады. Жан-жағына ордайым нұрын шашып, бәрімен тез тіл табысып, тек ақ ниет-пейілді жандарды, әрине, тез аңғарасың. Дәл осылай Астанаға алғаш келген жан қала тұрғындары мінезін, психологиясын байқап, сынап көретіні белгілі.

Сырт көзге Астана жұрты суық, қатал мінезді көрінуі мүмкін. Бірақ, шын мәнінде, мүлде олай емес. Олар әрқашан көмек қолын созуға, барын беріп, көмектесуге дайын тұратын жүректері жұмсақ, көңілдері пәк, таза жандар.

Мен бұны өз басымнан өткергендіктен айтып отырмын. Астана қаласына алғаш оқуға келгенімде ештеңені білмейтін, қаланы жөнді танымайтын едім. Сонда біреуден сұрауға батылым да жетпейтін. Жолды білмей адысып кеткен кездерім де көп болды. Бірақ, қазір ойлап қарасам, қателескенімді түсінгендеймін. Себебі, Астанада тұрып келе жатқаным екі жылдан асты. Алғашқыда жүздеріне қарауға да қорыққан жандарым қазір туганымдай. Үнемі көмек қолын созып, маған жақынмайды көмектеседі. Бір қызығы, олармен ешқандай туыстық қарым-қатынасым да жоқ. Сондай жандардың өмірінде пайда болғанына ерекше қуаныштымын.

Бір сөзбен айтқанда, қандай жағдай болмасын, Астана халқының әрқашан көмекке дайын тұратынын, жүректері мейірімге толы жандар екенін жеткізім келеді.

Мінез адамзатқа берілген қасиет. Десек те, оны көрікті де, көркем ету де өз қолыңда. Адамның жақсы мінезі дұрыс орта табуға және сол ортада өзінді сыйлы етуге көмектеседі. Егер адамның бойында өзіне тән ұқыптылық пен сыйпайлық қалыптасса, өз орнын таба біледі. Жақсы мінез, тазалық, жинақылық, ұқыптылық, сыйпайлық барлығы – мәдениеттің негізі.

Астана жұртының мінезінде дәл сондай қасиет бар.

Қарақат ҚҰРМАШЕВА,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің II курс студенті



Бас қала медицинасының проблемасы қандай?

Астана медицинасының негізгі мәселесі деп халық санының артуына байланысты дәрігерлер қауымына түскен артық жүктемені айтуға болар. Орта есеппен қала халқы жылына 40-50 мың адамға көбейеді. Астана қаласының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы төсек-орын тапшылығы мен халықтың өсуін ескере отырып, 2023-2026 жылдары 18 нысанды салу және реконструкциялау жоспарлап отыр. Басқарманың дереккөздерінде көрсетілгендей, 2020-2022 жылдар аралығында медициналық техниканың тозуы 22,5%-дан 14,6%-ға дейін азайды, жарақатандыру 89,8%-дан 95,5%-ға дейін ұлғайған. Десе де, кадр тапшылығы бас қалада айқын сезіледі.

Қазіргі уақытта елорданың денсаулық сақтау саласында 11 мыңнан астам медицина қызметкері жұмыс істейді. Оның ішінде, 3,4 мыңнан астамы – дәрігер, 6 мыңнан астамы – орта медицина қызметкері, 2 мыңнан астамы – кіші медицина қызметкері. Кадр тапшылығын жою мақсатында Астана қаласының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы алдағы үш жылға 381 грант бөліп отыр. Сондай-ақ, қалалық құрылыс басқармасы «Астана-Қарағанды» тасжолы аумағында медицина қызметкерлеріне арналған жатақхана салу жобасын іске асырып жатқаны да айтылды. Одан бөлек, мамандарды оқыту ісі де белсенді жүргізілуде. Жергілікті бюджет есебінен былтыр 800 маман оқып келсе, биылғы жоспар бойынша 200-ге жуық маман біліктілігін арттырады.

2023 жылдың бірінші тоқсанында дәрігерлердің орташа жалақысы барлық төлемдерді қоса алғанда – 544 мың теңге, орта медициналық қызметкерлердікі 337 мың теңгені құрады.

Халық денсаулығы – мемлекет дамуының көрсеткіші. Сондықтан, мемлекет медицина саласының дамуына мүдделі. Астана медицинасы – оның жарқын көрінісі.

● НОУ-ХАУ

«BINOM»: арманға апарар жол

Еліміздің білім беру саласы жаңарды. Тың жаңалықтардан тысқары қалмады. Сондықтан да, қазір үр жаңа бағыттағы мектептер аз емес. Соның бірі – Астанадағы «BINOM». Бұл – дәл бүгінгі күні елдің ертеңі арманға адастырмай апарар жолға айналған бірегей орда. Ұлт тұтқасын сеніп тапсырар ұрпақтың білім бәсекесінде бәсін жоғары етер білім ошағы, шын мәнінде, қазіргі уақыт талабына толық жауап береді. Нанотехнология мен биотехнологияның бөлшегіне дейін білім шығатын төрт мың білімді жас осында оқып жатыр. Оқу үрдісі – тегін.

Сағыншы ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мектептегі тәрбие «Аманат» концепциясына негізделген. Яғни, ұлы философ әл-Фарабидің еңбектеріндегі құрмет, қамқорлық, жауапкершілік, еңбексүйгіштік және өзін-өзі жетілдіру қағидаларына сүйенеді. Жалпы, мектепте әлімжеттік, қандай да бір келенсіз оқиғаның орын алуына жол берілмейді. Оқушы, ұстаз, ата-ана арасындағы ұшжақты тығыз байланыс тәрбие мен білім беруді көздейді.

«BINOM» мектептер желісі деп айтуға да болады. Еліміздегі мектеп тапшылығын шешу – жобаның негізгі мақсаты. Мұғалімдер арнайы платформа арқылы іріктеліп алына, оқушыларды қабылдау үлгілік ережелер негізінде жүзге асады. Жоғары стандарттарға сай жабдықталған мектептегі заманауи құрал-жабдықтар қарапайым мектептен қарағанда 5 есе көп. Яғни, қарапайым әрі тегін мектепте де жоғары технологиялық негізде білім алуға оқушыларға жан-жақты жағдай жасалған.

«BINOM» мектебі 127 оқу кабинетінен тұрады. Физика, химия, биология, нано және биотехнологиялы 9 озық дәрежедегі зертханасы бар 9 қабатты ғимарат. Сонымен қатар, 100 орындық кинозал, коворкинг алаңдары, телестудия, ойын бөлме-

лері, смарт-кластар, робототехника кабинеттері, металл және ағаш ою шеберханалары, асхана, медициналық пункт, бай кітапханасы бар. Спортпен айналысуға да қолайлы орта қалыптастырған. Тағы бір атап айтарлығы, бұл жерде инклюзивті білім беру мүмкіндігі де ескерілген. – Мұнда оқушыларға барлық жағдай жасалған. Үлкен қалашық іспетті білім ордасында бәрі бар. Сабакқа қажетті түрлі әдебиет іздеп, кітапхана шарламайсың. Оқу процесіне қажетті барлық кітаптарды осы жерден таба аласың. Сырқаттанып қалсаң, медицина-





• ЖӘДІГЕРЛЕР СӨЙЛЕЙДІ

ЭМИЛИЯ

ҚЫЗЫҚҚАН ЭКСПОНАТ

Еліміздің бас қаласы – Астананың ширек ғасырлық мерейтойы қарсаңында Қарағанды қаласындағы Достық үйінің мұражайында «Жайнай бер, ару қала – Астана!» тақырыбымен 19 маусымда басталған көрме мерекесі күніне дейін жалғасатын болады. Оны ұйымдастырып, өткізіп жүрген 30 жыл бойы Бұқар жырау ауданының мәдениет бөлімін басқарып, қазір осы мұражайдың қызметкері болып істейтін Мүгілсім Шиббаева. Ол зейнетке шықса да, экскурсияның мағыналы өтуіне күш салып, келушілердің қызығушылығын тудырады.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінгі күнге дейін мұнда 600-ге жуық адам келіп, мұражай экспонаттарымен танысып үлгерді. Олардың арасында кеншілер қаласындағы жоғары оқу орындарының студенттері, балабақша бүлдіршіндері, мектептер жанындағы жазғы лагерлердегі оқушылар және ересектер де бар. Тіпті, 1 шілдеде мұражайда Аме-

таныстырады. Мәселен, осында қойылған ат әбзелдері, құмыралар, қазан-ошақ, алтыбақан, киіз үй жабдықтары торсық пен күбі, тағы да басқа заттар ешкімді бейжай қалдырмайды. Әсіресе, жергілікті суретші Жомарт Мәліктің теріден салған Астана суретіндегі Бәйтерек, Пирамида, Ханшатыр атауларын балалар тап басып айтты береді. «Видергебургт» неміс орталығы жанында жұмыс істейтін 50-60 жастағы синьоралардың «Бастельн» колонер үйірімесінің



Румын қызы Эмилия қазақтың ұлттық жәдігерлерімен

рикада тұратын румын қызы Эмилия да болып, ол Астана қаласы, Бұқар баба, қазақ халқының мәдениетіне қатысты жәдігерлерді көріп, жақсы әсерге бөленген. Жалпы, бұл мұражайда облыстық этно-мәдени бірлестіктерге арналған 23 сөре орналастырылған. Мүгілсім Ғұбайдуллақызы келушілердің жас ерекшеліктеріне қарай «Қазақстан халық Ассамблеясының ролі», «Достық деген не?» деген тақырыптарға қысқаша тоқталып, одан әрі негізгі бөлімде Астана жайлы викторина өткізіп, сөрелердегі әр ұлттың бұйымдарын, колонер шеберлері жасаған қазақтың ұлттық құнды дүниелері мен көненің көзіндей жәдігерлермен

туындылары – 22 қуыршаққа деген олардың қызығушылығы зор. Бір қызығы, Мүгілсім Ғұбайдуллақызы экскурсия сайын әр этностың мұражайда тұрған ұлттық аспаптарынан Астана күні құрметіне «Достық» атты ансамбль құрып, келушілердің көңілінен шығуда. Ансамбльдегі балалар түріктің зурнасы, қазақтың тайтұяғы, орыстың қаланы, тағы басқа да аспаптармен өнерлерін жұрт көзіне ұсынып жүр. Сондай-ақ, мұражайға алғаш келген балабақша бүлдіршіндеріне әр сөредегі ойыншықтар мен қуыршақтар көрсетіліп, келушілер концерт залына барып, еліміздің Әнұранын бәрі қосыла шырқайды.

Қараөткелдегі қарашаңырақ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жақып Омарұлы 1960-1961 жылдары Қарағандыда Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театрында актер ретінде еңбек жолын бастаса, 1972-1980 жылдары бас режиссер болып қызмет атқарған. Кенді өлкеде қанаттанып, жинақтаған тәжірибесі Қ.Қуанышбаев театрын ашуда рухани азық болғаны анық.

Біреу білсе, біреу білмес, театрдың іргесі қаланған сәттен оның репертуарын қалыптастыруда, көрерменнің көңілінен шығып, жүрегің жаулауда қарағандылық театр артистерінің зор үлесі бар. Жақып Омарұлының маңайынан табылып, елдің рухын оятуға бар күш-жігерін аямаған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қайрат Кемалов бастаған белді әртістер театрының аяққа нық тұруына еңбегін сіңіріпті.

– Қ.Қуанышбаев театрында қазіргі С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының актерлері Қайрат Кемалов, Рымкеш Омарханова, Шәміл Жүнісов, Болат Ыбыраев, Махфуза Ибраева, Рамазан Баймағамбетов, Бижамал Кемалова сынды талантты актерлер театрының негізін қалауда үлкен еңбек сіңірген. Сол ағалар салған сара жолмен мен де біршама уақыт театрда жұмыс істедім. Жұырда 30 жылдығын тойлады. 1999-2009 жылдары театр директоры әрі көркемдік жетекшісі болып арнайы шақыртумен қазақ режиссурасының мэтрі, Халық қаһарманы Әзірбайжан Мәмбетов келіп, жемісті еңбек етті. Кейін Талғат Теменов те театрдың өсіп-өркендеуіне үлес қосса, көптеген талантты режиссерлер барын салып, қызмет атқарды. Бүгінде академиялық дәрежесі бар алып өнер ордасы 2020 жылы жаңа ғимаратқа көшті. Қазақ театр өнерінде алдыңғы сапта келе жатыр. Шет елдерге де ұялмай көрсетуге тұрарлық репертуары бай, әлеуеті бекем өнер ошағы, – деп бөлісті Сәкен театрының басшысы Құрман Өмірбекұлы.

Ұйымшыл әрі талантты ұжымда жетістіктің болары сөзсіз. 1992 жылы қарашада театр ұжымы Алматыда өткен сөз зергері Ғ.Мүсіреповтің 90 жылдығына арналған ел театрларының фестивалінде алғаш лауреат атанды. Араға көп уақыт салмай, 1996 жылы Уфа қаласында түркітілдес мемлекеттер арасында өткен халықаралық «Туғанлық» театр фестивалінде Ш.Хұсайыновтың «Алдар Көсе» музыкалық комедиясымен лауреат атанды. Дәл осы жылы театрға КСРО Халық артисі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері Қалибек Қуанышбаевтың есімі берілді. Ал, 2011 жылы 14 желтоқсанда театр «Мемлекеттік академиялық театр» мәртебесіне ие болды.

Қысқа ғана уақытта бірқатар шынды бағындырып үлгерген театрдың репертуары да таңғаларлықтай. Атап айтсақ, М.Әуезовтің «Абай», «Айман – Шолпан», Ш.Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн», Ғ.Мүсіреповтің «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», С.Тұрғынбекұлының «Мұқаға-



ли», А.Дударевтің «Кеш», Дж. Патриктің «Қымбатты Памела», М.Фриштің «Дон Жуанның думаны», И.Штраустың «Жұбайлар жұмбағы», У.Шекспирдің «Гамлет», А.Цагарелидің «Гамарджоба» сынды қойылымдарды айтып тауысу мүмкін емес.

Айболат Жанғалиұлы басшылық ететін ұжымда Түймехан Атымтаева, Гүлжан Әспетова, Тілектес Мейрамов, Жұмагүл Мейрамова, Бақыт Исабекова, Бақыт Жұмағұлова, Зибәгүл Карина, Ақыш Омар, Лейло Бекназар-Ханинга, Жанат Чайкина, Майра Омар, Кенес Нұрланов, Гүлбаршын Қылышбай, Айман Аймағамбет, Нұрзада Тәшімова, Алтынай Нөгербек және басқа да көптеген артистер жемісті еңбек етуде. Телехикаялардан жиі кездестіретін Қобыланды Болат, Айкөр-

тік Жастар сыйлығының иегері, 10-ы – ҚР «Құрмет» орденінің иегері атанған. Бұдан бөлек, басқа да жетістіктерге жеткен.

2020 жылы театрдың көркемдік жетекшісі болып Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қуандық Қыстықбаев тағайындалып, театр жастарына суреткерлік еркіндік беріліпті. Мұнда тұңғыш рет «QALLEKI театр-лабораториясы» құрылды. Максаты – шығармашы жандар үшін байланыс ортасын құру және өнерге өзгеше көзқарас жасап, тәуір дүниелерді сахналау.

Қаллеки театры туралы жана-



шырлық пікір айтпаған зиялылар кемде-кем. Ә.Сығай, Е.Жуасбек, Б.Нұрпейіс, С.Әбединова сынды театр зерттеушілері театрдың тарихы және оның режиссерлері мен артистері жөнінде арнайы зерттеу кітаптарын жазған.

Театр Түркия, Татарстан, Иран, Германия, Ресей сынды көптеген шет елдерде гастрольдік сапарда болып, түрлі театр фестиваліне қатысып, белестерді бағындырған. Түрлі сыйлыққа ие болған.

Жұырда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қ.Қуанышбаев театрында сахналанған «Жошы хан» спектаклінің премьерасына қатысып, қойылымның ұнағанын айтты. Тарихи драманың авторы – белгілі жазушы-драматург Думан Рамазан, қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайрат-

дай туындылар халқымыз үшін қажет деп ойлаймын. Пьесаның тілі, мәтіні өте жақсы жазылған. Әртістердің бәрі жақсы ойнады. Шеберлігі мықты екен. Біздің тарихымызды, тарихи құндылықтарымызды қазіргі таңда халық арасында кеңірек дәріптеуіміз керек. Кейбіреулер қазақтардың өз тарихы, мемлекеті, елі болмаған деген сөздер айтып жүр. Ол – біздің тарихымызды бұрмалау. Өнерлеріңіз қашанда табысты болсын! Баршаңызға аманшылық тілеймін», – деді Мемлекет басшысы. Президент театр ұжымына толағай шығармашылық табыс тілеп, театрға «ұлттық» мәртебе беру жөнінде шешім қабылдағанын айтты. Тиісті Жарлық қазан айында Республика күні қарсаңында жарияланбақ.

1946 жылы М.Әуезов театрында М.Әуезовтің «Абай» пьесасын Асқар Токпанов сахналап, Абай ролін тұңғыш рет Қалибек Қуанышбаев сомдапты. Иә, даңқты актердің өнегелі жолы бүгінде ұлттық театр өнерінің сурлеуіне ұласты. Қарқаралы ауданы, М.Мамыраев ауылында, туған жерінде Қ.Қуанышбаевтың мұражайы бар. Жолыңыз түссе, бас сұғыңыз. Өзінің қатарластары және Мұхтар Әуезов те «Қаллеки» деп атаған даңқты жерлесіміздің атымен аталатын Қараөткелдегі өнер қарашаңырағы туралы айтамыз әзірге осы...

«Тыныққыңыз, тазарғыңыз келсе, ойға шомып, қиялға батқыңыз келсе, өнерді ансарыңыз бек ақиқат» депті бір жазбасында сарабал театр сыншысы Әшірбек Сығай. Ендеше, Астанаға жол түссе, күйбең тірлік шаршатса, «Қаллеки» театрына келіңіз!



кем Тұранова сынды талантты жас әртістер де осында жұмыс істейді. Ұжымдағы 73 актердің үшеуі – «ҚР Халық артисі», төртеуі – «ҚР еңбек сіңірген артисі», 24-і – «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», 8-і – ҚР «Дарын» Мемлекет-

кері Болат Ұзақов. Мемлекет басшысы қойылымнан соң туынды авторымен және театр ұжымымен әңгіме өрбітті.

«Өте керемет қойылым болды. Шын мәнінде, пьесаның тақырыбы өте маңызды, өзекті. Мұн-

• БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

Астанаға жолыңыз түссе...

Биыл ел Астанасының іргесі бекігеніне – 25 жыл. Мерекесі қарсаңында демалыс күндерді пайдаланып, елорданы бетке алатын қонақтар баршылық.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА,
«Ortalyq Qazaqstan»

Астанаға ат басын тіреген қонақтардың алдынан шығатын бірінші мәселе ол – баспана. Қалтадағы қаражатты үнемдегісі келген жанға ең тиімді шешім – хостелге тоқтау. Мұндай қонысты шаһардың оң және сол жағалауынан да табуға болады. Астаналық хостелдердегі бөлмелер 4, 8 және 16 орындық болып келеді. Екі кісілік немесе отбасылық бөлмелер де бар. Бағасы арзан, қонақ үйлердегі ақыммен пара-пар. Хостелдердің қызмет көрсету сапасы қонақ үйлерден еш кем түспейді. Тәулігіне ақысы 2000 теңгеден басталып, 15 000 мыңға дейін жетеді.



Хостелдерді жалға алғыңыз келсе, apartmenty.kz, olx.kz, booking.com. сайттарын па-

рақтаңыз. Екінші мәселе – бір күнге немесе ұзақ уақытқа пәтер жалдау. Жазда шаһарға туристер мен қонақтар ағылатынын ескерсек, жалға алатын баспананы бұл нарықтың ішкі-сыртқы сырына қа-

нық делдал арқылы шешкен жөн. Әйтпесе, қолайлысын тапқанша, уақытыңызды жоғалтып, жүйкеңізді тоздыруыңыз әбден мүмкін.

Бір тәулікке жалға берілер пәтерлердің құны 7000 теңгеден басталады. Баспананы бағасы орналасқан жері мен пәтер жағдайына қарай.

Пәтер жалдау үшін krisha.kz. сайтының көмегіне жүгіне аласыз.

Үшінші – қонақ үй. «Талғамға талас жоқ» демекші, қалауыңызға қарай қонақ үйде тоқталамын десеңіз, таңдау аса жоғары. Бағасы 6000-7000 мың теңгеден басталып, қызмет көрсету сапасы мен таңғы асына байланысты шарықтай береді. Жайлы, әрі таза, таңғы асы бар қонақ үй таңдасаңыз баға да сәйкесінше өсе бермек. Астананың қонақ үй бизнесі экономкласстан бастап, 5 жұлдызды қонақ үйді ұсына алады.

Алды ала болме брондауды apartmenty.kz және booking.com. сайттары арқылы жүзеге асыра аласыз.

Келесі бір өзекті мәселе – асауқат. Қайдан арзан әрі дәмді тамақтануға болады?

Елорда да әлем астаналарындай түрлі мейрамхана, бар, тіскебасарларымен ерекшеленеді. Мұндағы мейрамханаларда әлем елдерінің сан түрлі асханасын табуға болады. Керуен, Asia Park, Keruen-City, Mega Silk Way сынды ірі сауда-ойын-сауық орталықтарында меймандарға әлем елдерінің дәмін ұсынатын фудкорттар жетерлік.

Шаһарда тағам жеткізіп беру қызметі бойынша Яндекс Еда, Glovo бірегей қосымшалары жұмыс істейді. Қосымшаны пайдалану үшін қалауыңыздағы тағамды таңдап, мейрамхана немесе дәмхананы анықтау керек.

Ал, егер мейрамхана керек десеңіздер, 2ГИС қосымшасы арқылы іздеп, әлеуметтік желідегі паракшаларын парақтап, ас мәзірінің бағасын қарауға әбден болады.

Ақпараттар қандай да бір қажетіңізге жараса, тек қуаныштымыз!

• ЖАҢА КІТАП

Шерлі шежіре, шерменде жыр

Қолымызға тағы бір толымды жинақ түсті. Кітап «Уа, дариға, заманым!» деп аталады. Авторлары – ағайынды Саққұлақ Қосан Ыбырайымұлы. Жинақтың өн бойынан кешегі кеңестік жүйе тұсындағы дәуір тынысы, замана үні, адамдар тағдыры аң ұрады. Толқымай оқу, тебіренбей қабылдау мүмкін емес. Асылдар аманаты, сол аманатқа адалдық танытқан ұрпақтың көз майы мен көл-көсір еңбегі тағы бар. Бірге парактап көрейік...

Ерсін МҮСАБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кітап авторлары – тағдырлы жандар. Өзім Жаңарқан тымасы болғандықтан, ағайынды Саққұлақ Қосан ақсақалдардың есімін жастайымнан естіп өстім. Тығылып намаз оқыған, жасырынып жаназа шығарған терең молда болғандығын айтатын үлкендер. Қосан қарияның ақындығы туралы сирек болса да, айтылып, жазылып жүретін-ді. Алайда, тура осынша қазына қалды деп ойламаппын. Менің бұрыннан білетінім – Саққұлақ ақсақал сөзге шешен, шежіреге жүйрік болғандығы және 1916 жылғы «Қарағаш (Айғыржал) көтерілісін» ұйымдастырушылардың бірі екендігі. Арқа төңірегін ғана емес, барша қазақ даласын мекен еткен рулардың шежіресін жатқа білетін зерделі қария. Қазақтың қабырғалы қаламгері Сәйділі Талжановпен, Алаштың абызы Ақселеу Сейдімбекпен сырлас, пікірлес болған десетін біздің жақын қариялары. Ал, ақын Қосан туралы жаңарқанлық жазушы Асан Жұмаділдиннің, белгілі өлкетанушы Ибраһим Ісмамоғұнның жазбаларынан оқып жүрдік. Бірақ, ол кісінің Ұлы Отан соғысына қатысып, неміс тұтқынында болғанын, елге аман-есен келгеннен кейін «сатқын» деген жалған жаламен 25 жылға ітжеккенге айдалғанын білмейді екенмін. Өлендерінің дені сол лагерде жазылған екен.

Елге деген сағыныш, бауырға деген аңсар көңіл, досқа арнаған сыр, сол кездегі әміршіл жүйеге деген лағнет, бәрі бар өлендерінде. Қарапайым тілмен өрілген өлеңде


терең сыр, асқақ рух бар. Шерлі шежіре, шерменде жырдың құндылығы – осында.

Ұрпақтарының айтуынша, қолжазба араб қарпімен (төте жазу) сақталған. Кириллицаға қотару көп уақыт алыпты. «Именен құндық қазғандай» күрделі тәржіманы ақтоғайлық азамат Айдаржан Қасенов жасаған. Аманатқа қиянат жасамай, мейлінше қастерлі міндетті абыроймен атқарып шыққан. Шатаспасам, бұл жинақ Айдаржанның бірінші аудармасы емес. Бұған дейін де төте жазумен сақталған біраз қолжазбаны қазақша сойлеткенін білеміз.

Сонымен, тәп-тәуір тәржімаланып, бізге түсінікті әліпбиге қаз-қалпында түскен шерлі өлең белгілі қаламгер Серік Сағынтайдың да сүзгісінен өткен екен. Әйтеуір, «айналасы жұп-жұмыр» дүние бола қалған. Десек те, түпнұсқа қатты түрлене қоймаған секілді. Сол дәуірдегі ақындардың мәнері, автордың қолтаңбасы толық сақталған. Біз мұны аудармашы мен редактордың осалдығы емес, аманат алдындағы жауапкершілігі деп түсіндік.

Өмір туралы өсиет, адамдық пен адалдық туралы насихат – кітаптың құнын арттырып, маңызын еселеп тұрған автордың даралығы мен даналығы. Солақай саясаттың сойылы маңдайына тиіп, тағдырын тәлкекке салса да, Қосан ақын Алланы дәріптеуін, ақыреттің талабын, шариғаттың шартын жырлаудан бас тартпағаны байқалады. Бәлкім, қайсарлығы, бәлкім, табандылығы... Мүмкін, тақуалығы.

Мына бір шумақтарына назар аударып көріңіз:



Ақырет қамын ойлаңыз,
Ораза, намаз қоймаңыз!
Тәңір алдында мақшиарда
Ұялып пенде, қалмаңыз!

Қызыл өкіметтің қылышынан қан тамып тұрған содыр жүйеде осылай деп қай ақын сөйлер еді?! Жасыратын несі бар, Қосан атамиз осылай жырлап жүргенде, біздің көрнекті өкілдері «Күн көсем» деп жыр жазып, Мемлекеттік сыйлық алып жатқан.

Қосан Ыбырайымұлы айдаудан оралғаннан кейін де біршама жыл өмір сүріп, 1983 жылы 81 жасында бақиға аттанды. Ақтық демі таусылғанша ала қағазға телміріп, өлең жазып кеткен екен. Тіпті, тапа тал түсте, терезелерді қараңғылап алып, май шаммен жазатын болған. Әпкербақан жүйенің әңгүдік аңдушыларынан жасқанғаны шығар. Бірақ, қаламын доғармапты. Ақын өлендерінің көркемдік

деңгейі туралы көлгірсуден аулақпын. Қосан жырларынан оның әулиелігі айқұлақтанып тұрады. Мына бір шумағын осында алпыс жыл бұрын жазылған деп айта аласыз ба?

Дінді сатып, ата құрып
ұмытушы қазақ көп,
Тәңір жазды – қайда барам
шара жоқ?
Басты-бұтты бірдей ашып,
орыс боп,
Басқа ұлттарға ақымқатар
мазақ боп.

Бүгін жазылған сияқты... Қосан Ыбырайымұлы өлендерінің өміршеңдігі осында тұр.

Ақын жырларында дала жырауларының дарыны, Иманжүсіптің сарыны, ұлттық рухтың жалыны бар. Құнды қолжазбаны кәдеге жаратқан ақынның ұрпағы Амандық Жөкетаева алғыс білдіре отырып, асыл мұра ғылыми айналымға түсе деген тілегімізді білдіреміз.

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

«Қарағанды-Астана» автобусы жолға шығады

«Қарағанды-Астана» бағытындағы автобус үш жылдан бері жолдаушылар санының күрт азайып кетуіне байланысты қатынауды тоқтатқан. 17 шілдеден бастап Қарағандыдан Астанаға автобус қайта қатынайтын болады.



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Соңғы уақытта қарағандылық тұрғындар автобус рейсінің аздығына шағымдана бастаған. Шындығында, әркімнің өз көлігі бола бермейді. Енді бірі республикалық трассаларда апаттардың көбеюіне байланысты өз өмірін тақсыр жүргізушілеріне сеніп тапсыра алмайтындарын айтып жеткізген.

Күні кеше қала автовокзалы «Қарағанды-Астана» бағытындағы автобус өз жұмысын қайта бастағаны туралы хабарлады. Рейстер қалалар арасында осы жылдың 17 шілдесінен күн сайын жүре

бастайды. Автобус Осакаров ауданы арқылы өтеді. Жүру уақыты: 7:00, 10:00, 13:00, 16:00 сағатта.

– Билеттерді Теміртау, Топар, Шахан, Қарқаралы автостанцияларының кассаларынан және автовокзал терминалдарынан сағат 6.00-ден 23.00-ге дейін үзіліссіз және демалыс күндеріне қарамастан сатып алуға болады. Автобус жөнелтілгенге дейін 30 күн бұрын онлайн брондауға және сатып алуға мүмкіндік бар, – деді қалалық автовокзал мамандары.

«GoldCorp» ЖШС, БСН 200640026244, Астана қ., А.Сембинов көшесі, 17, 33-кеңсе, Қарағанды облысындағы Солтүстік Самобет учаскесін барлау жоспарына қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді, №1728-EL лицензиясы (түзету). Тыңдау 16.08.2023 ж., сағат 12.00-де Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Жаңаөтан ауылдық округі, Жаңаөтан ауылы, Үшкын көшесі, 38, клуб ғимараты, сондай-ақ Zoom конференциясы арқылы өтеді (Идентификатор: 5118020965, кіру коды: uaeK4z).

Жобалық құжаттама пакетімен порталда танысуға болады esportal.kz. Барлық ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады esportal.kz, сондай-ақ эл. мекенжайы: goldcorp2022@mail.ru. Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады. Мекенжайы: goldcorp2022@mail.ru және телефон бойынша: 7-701-78-726-98.

• МЕРЕКЕЛІК ТАРТУ

Бес нысан ашылды

Елордамыздың 25 жылдық мерейтойына орай бес бірдей әлеуметтік нысан ашылды. Яғни, Шахтинск қаласында балалардың үш ойын алаңы мен бір көпсалалы корт және қала аумағына енетін Жаңа Долинка кентінде де тағы осындай бір корт салынып, пайдалануға берілді.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сол күні қаланың Жеңістің 40 жылдығы көшесінде ашылған алғашқы корттың салтанатында Шахтинск қаласының әкімі Мұрат Қыдырғанбеков, оның орынбасары Сәрсенбай Жаппаров және қалалық мәслихаттың депутаттары болды. Қала әкімі Мұрат Қыдырғанбеков нысандардың балалардың ойнап, тынығуына, тіпті, ересектердің спортпен шұғылданып, қала тұрғындары арасында саламатты өмір салтын

қалыптастыруға ықпал ететінін айрықша атап көрсетті.

Іске қосылған кешенде жаз мезгіліне сай көгал төселіп, екі қақпа, екі баскетбол қалқаны, алты жарықтаңдырғыш бағандары, сыртта үш қатар көрермендер мінбері орнатылған. Бұл жерде жазда футбол, баскетбол ойнауға ал, қыста мұз айдынын құйып, хоккей ойнауға толық мүмкіндік бар.

ШАХТИНСК

• ҚҰЖАТТАНДЫРУ

Нәрестеге ЖСН бірден беріледі

Бұрын баланың туу туралы куәлігін алуға ата-анасы өтініш білдіргеннен кейін ЖСН алу мүмкін болатын. Бұдан былай жаңа туған нәрестеге ЖСН (жеке сәйкестендіру нөмірі) бірден беріледі. Ішкі істер министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, пилоттық жобаны іске қосты.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Куәлік ата-ананың қолына тигенше балалар есепке алынбайтын. Бұрынғы жүйеге сәйкес Азаматтық хал актілерін тіркеу (АХАТ) органы алдымен баланың тегін, атын, әкесінің атын көрсетіп, ата-анасының өтініші негізінде туу туралы актілік жазбаны тіркеді. Кейін ішкі істер органдары балаға ЖСН жасап, ата-анасына туу туралы куәлік берілді.

Енді АХАТ бөлімі туу туралы медициналық куәлікті алғаннан кейін автоматты түрде баланың туу туралы актілік жазбасын жасайды. Соның негізінде баланың ЖСН-ы қалыптасады. Баланың ата-анасын жеке өтінішін қажет етпей-ақ, проактивті форматта (көрсетілетін қызметті берушінің ұсынысы бойынша) бірқатар мемлекеттік қызметтер автоматты түрде көрсетіледі.

Атап айтқанда, бала тууға байланысты және бала күтімі бойынша жәрдемақы алу, жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемді тағайындау және төлеу, бала 1,5 жасқа толғаннан кейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлем. Сонымен қатар, жүйе анасына баланың тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) туралы мәліметтерді беру туралы SMS-хабарлама жібереді (3 жұмыс күні ішінде жауап беру керек). Деректер алынғаннан кейін туу туралы куәлік әзірленеді.

Осылайша туу туралы куәлік берілгенге дейін балаға ЖСН беру мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде жаңа туған балаларды толыққанды есепке алуға, сонымен қатар, ата-аналарға баланың тууына байланысты мемлекеттік қызметтер көрсетуге мүмкіндік береді.

«Қарағанды облысы әділет департаменті» мемлекеттік мекемесіне 2020 жылдың 27.05 күні тіркелген №3754-1930 «Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің «Ақтоғай аудандық білім қызметкерлері кәсіптік одағының ұйымы» филиалының ережесі жоғалтуына байланысты жарамсыз деп танылсын. №412

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны: 43-21-55

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы: fink.kar@minfin.gov.kz Д

Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР

Арнайы дилер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

• жеңілдетілген бағамен
• жеңілдіктер үшін
• тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
• арнайы техникалар үшін

БӘ АРАҢ ШИНАЛАР САТПАЙМЫЗ, БӘ АРАҢА БАҒА САТАМЫЗ

Қарағанды қ., қойма: Асфальттық көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1 тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800

Қарағанды облысы: ауа райы

	7 шілде	8 шілде	9 шілде
Қарағанды қаласы	+25 +16	+26 +15	+25 +17
Абай ауданы	+26 +16	+27 +15	+26 +17
Ақтоғай ауданы	+24 +12	+25 +12	+25 +13
Бұқар жырау ауданы	+22 +14	+25 +15	+21 +14
Қарқаралы ауданы	+21 +12	+22 +14	+20 +13
Нұра ауданы	+28 +16	+27 +15	+27 +16
Осакаров ауданы	+25 +16	+26 +16	+25 +17
Шет ауданы	+25 +13	+26 +14	+26 +14

Ақпарат: <https://www.gismeteo.kz/> сайтынан алынды



Ару қала айшықтары

Өткенге көз жүгіртіп өтейікші... 1994 жылдың 6 шілдесінде Қазақстан билігі Елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы ҚР Жоғарғы Кеңесінде шешім қабылдаған болатын. 1997 жылдың 10 желтоқсанында «Астана» мәртебесі Ақмолаға ресми ауыстырылып, 1998 жылдың 6 мамырында Президент Жарлығымен Ақмола атауы Астана болып өзгертілді. Сол жылы 10 маусымда жана Астананың халықаралық тусәукесері өтті.

Небәрі 25 жыл уақыт өтсе де, Елордамыз ерте есейді. Ұшы-қиыры жоқ сары даланың төсінде алып ғимараттар мен көздің жауын алатын түрлі сәулет нысандары бой түзеді. Қай жағынан алып қарасаңыз да, осы бір статуска лайық бола білді.

Астананы тілге тиек етсеңіз, әуелі Бәйтерек, Бейбітшілік және келісім сарайы және «Хан шатыр» ойын-сауық орталығы, Мәңгілік ел монументі сынды сәулет туындылары ойға оралатыны сөзсіз. Әрине, бұл – қаланың басты символы. Ерекше сәулетімен, қайталанбас мәнерімен ерекшеленіп-ақ тұр. Бірақ, біз бұл жолы ғимараттарға емес, қаладағы ерекше стильде құрастырылған көшелеріне тоқталатын боламыз.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Республика» даңғылы

Бұл – Астанадағы ең алғашқы көшелердің бірі. Ескі орталық пен жаңа қаланы жалған тұрған даңғыл. Бұл жерде күні-түні қозғалыс тоқтамай, тірлік қайнап жатады.

Осыдан 25 жыл бұрын бұл көше тым жұпыны болған. Тек, көше кеңдігі мен маңғаздығымен көрікті еді. Қазір 5 шақырымға созылып жатқан көшені бұрынғы күйімен салыстыра алмайсыз. «Республика» даңғылы деген атау – 1997 жылы берілген.

50-60 жылдардағы тың игеру кезінде Сарыарқаның еңбекшілері көзге түскен еді. Солардың құрметіне көшенің басына «К-700» маркалы трактор мен арнайы ескерткіш орнатылған. Қазір оның орнында ҚР Қарулы күштерінің Әскери-тарихи музейі бой көтерген. Ал, ел арасында «хрущевка» атауымен кең тараған үйлер уақыт өткен сайын қарқынды дамып келе жатқан шырайлы қаланың өңін кетіріп тұрған-тын. 2010 жылы қаланың туған күніне қарсы ескі үйлердің қасбетін қазақы нақыштағы ою-өрнектерімен безендірді.

«Тәуелсіздік» даңғылы

Қаланың Оңтүстік-Шығысында, Алматы ауданында орналасқан күре жол. Ж.Тәшенов көшесінен басталып, Панфилов көшесінен

аяқталады. Ұзындығы – 5 500 шақырым. Даңғылдың атауы ел тәуелсіздігінің құрметіне қойылған. Даңғылдың бойында Тәуелсіздік алаңы, Тәуелсіздік сарайы, «Қазақ елі» монументі, ҚР Ішкі істер министрлігі, «Толқын» спорт кешені, Бейбітшілік және келісім сарайы, Ұлттық музей мен «Кегос» компаниясының ғимараты орналасқан. Сонымен қатар, ерекше архитектурада салынған ғимараттар жетерлік. Солардың бірі – Орталық Азиядағы ең ауқымды «Әзірет Сұлтан» мешіті.

Түркістан көшесі

Бұл – Елорданың сол жағалауында орналасқан көше. «Сарайшық» көшесінен басталып, «Нұрлы жол» бульварын кесіп өтіп, «Сығанақ», «Алматы», «Керей мен Жәнібек хандар», «Бұқар жырау», «Ұлы дала» көшесімен қиылысып жатыр. «Ақмешіт» көшесімен тоғысқан жерде аяқталады. Бұл көшенің бойында ҚР Сыртқы істер министрлігі, Бәйтерек монументі, ҚР Қорғаныс министрлігі, «Абу-Даби» плаза көпфунк-



«Француз» кварталы

ционалды ғимараты, «Нұрсұлтан» ботаникалық саябағы және «ЭКС-ПО-2017» көрме павильоны орналасқан.

Бұл көшенің бойында «Француз» кварталынан бөлек, 5 жұлдызды «Мопасо» қонақ үйі және атақты қолбасшы Шарль де Гол-



Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Шарль де Голль көшесі

Қаланың Оңтүстік-Шығысында, Алматы ауданында орналасқан. «Аман» көшесінен басталып, «Тәуелсіздік» даңғылымен аяқталады. Ұзындығы небәрі – 1 300 метр.

Көше қысқа ғана болғанымен, мұнда келген тұрғындар өзін құлды бір Еуропа елдерінде жүргендей сезінеді. Үйлердің ерекше стилі, абаттандырылуы, тіпті, Париждегі «Эйфел» мұнарасының шағын көшірмесі осы жерде орнатылған. XVIII ғасырдағы XIV Людовик стилінде салынған «Француз» кварталына қала тұрғындары жақсы біледі. Еуропа елдерінің стилімен жасалған ерекше тұрғын үй кешенінен баспаналы болу – кімнің болса да арманы. Кең әрі жарық, ерекше стильде салынған үйлердің ауласы да көзге ерекше көрінеді. Тіпті, жас жұбайлар да той алдындағы фотосессияларын осы жерде түсіретін көрінеді.

лдің құрметіне қоладан құйылған 3 метрлік ескерткіш бар.

«Атырау» көпірі

Қаланың көрікті жерлерінің бірі. 2018 жылы салынған жаяу жүргіншілерге арналған көпір. Жаңа көпірді Атырау облысы әкімдігі Астананың 20 жылдығына тарту еткен. Есіл өзенінің екі жағалауын байланыстырып тұр. Сыртқы пішіні алып балыққа ұқсайды. Яғни, балық – Атыраудың символы. Көпірдің сырты да балық қабыршағы іспеттес. Одан қалаберді, Каспий бекіресіне ескерткіш орнатылған.

Айналма жолдың ұзындығы – 313,5 метр. Нысан ішінде 6 метрлік жаяу жүргіншілер жолы, 3 метрлік велосипед жолы бар. Металл конструкциясының салмағы – 1 920 тонна. Көпірдің екі жағында «Атырау көпірі» деген жазуы бар стелалар орнатылған.



«Абу-Даби» плазасы



ҚР Қарулы күштерінің Әскери-тарихи музейі

Оқырман назарына!

Газетіміздің келесі саны 11 шілде, сейсенбі күні шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақрағат» ЖШС
Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖУМАДИЛДИНОВА

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Оскаргов: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218VRY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KZJVBZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 463
№74 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Салтанат ЛИЯШ**